

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
УЎЗІРЛІГІ**

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

Шет тилдер факультеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы

КАСІПТІК БІТІРУ ЖҰМЫСЫ

ТАҚЫРЫП: Әдебиет сабақтарында көрнекілікті пайдалану жолдары

ОРЫНДАУШЫ: Абдикадирова Аякөз

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ: оқытушы Сарманова Ғ.Н.

Науаи – 2012

Қазақ тілі кафедрасының № 1 сан кафедра жиналыс қаулысынан

К Ө Ш І Р М Е

Науаи қаласы

28. 08. 2011 жыл.

Қатысқандар:

Тұхтаева Қ. Д.
Қумақбаева Г.К.
Айменова Е.Р.
Ұзақбаева Ж.Х.
Сарманова Ғ.Н.
Темирбаева С.Қ.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. 4 «а»–курс талапкері Абдикадирова Аякөздің **«Әдебиет сабақтарында көрнекілікті пайдалану жолдары»** атты кәсіптік бітіру жұмысын жазуға рұхсат етілсін.
2. Абдикадирова Аякөзге **«Әдебиет сабақтарында көрнекілікті пайдалану жолдары»** тақырыбы кәсіптік бітіру жұмысы етіп берілсін.
3. Оқытушы Сарманова Ғ.Н. ғылыми жетекші етіп бекітілсін.

Кафедра меңгерушісі: _____аға оқытушы Кумақбаева Г.К.

Қазақ тілі кафедрасының № 10 сан кафедра жиналыс қаулысынан

К Ө Ш І Р М Е

24. 05. 2012 жыл.

Қатысқандар:

Тұхтаева Қ. Д.
Кумакбаева Г.К.
Айменова Е.Р.
Ұзақбаева Ж.Х.
Сарманова Ғ.Н.
Темирбаева С.Қ.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

4 «а»– курс талапкері Абдикадирова Аякөздің «Әдебиет сабақтарында көрнекілікті пайдалану жолдары» тақырыбына жазған кәсіптік бітіру жұмысы талапқа жауап береді. Жұмыс кафедра талқысынан өтті деп есептелсін.

Кафедра менгерушісі: _____ аға оқытушы Кумакбаева Г.К.

Давлат аттестация комиссиясининг

РАИСИГА

Навоий давлат педагогика институти «Хорижий тиллар» факультети 4 «а»— курс талабаси Абдикадирова Аякөзнинг **«Әдебиет сабақтарында көрнекілікті пайдалану жолдары»** мавзуидаги малакавий битирув иши химоя қилиш учун юборилади.

Рейтинг қайдномасидан кучирма, малакавий битирув иши рахбарининг мулоҳазаси, кафедранинг ишни химояга тавсия этиш ҳақидаги хулосаси, такризлар илова қилинади.

Факультет декани: _____ доц. Тўхтаева Қ. Д.

Навоий давлат педагогика институти
«Қозоқ тили ва адабиёти» кафедрасининг
малакавий битирув иши ҳақидаги
Х У Л О С А С И.

«Хорижий тиллар» факультети 4 «а»— курс талабаси Абдикадирова Аякөзга **«Әдебиет сабақтарында көрнекілікті пайдалану жолдары»** мавзуидаги малакавий битирув иши кафедра йиғилишида муҳокама қилинган ва Давлат аттестация комиссиясига химояга тавсия этилади.

Кафедра мудири: _____ катта уқит. Кумакбаева Г.К.

М А З М Ұ Н Ы

КІРІСПЕ.....	3-7
1.ТАРАУ. Көрнекілік әдісі туралы түсінік.....	8-10
1.1. Әдебиет сабағындағы көрнекі құралдар түрлері және маңызы.....	11-13
1.2. Әдебиет пәнінде көрнекілікті қолдану принципі.....	14-30
2.ТАРАУ. Әдебиет пәнін оқытуда техникалық құралдарды пайдаланудың дидактикалық принциптері.....	31-43
2.1. Заманға сай техникалық құралдарды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану – мұғалім жетістігіне апаратын тиімді жол.....	44-52
2.2. Көрнекілікті пайдаланудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдері.....	53-58
2.3. Әдебиет сабақтарында деңгейлік тапсырмалар мен тірек сызбаларды қолдану жолдары.....	59-64
ҚОРЫТЫНДЫ.....	65-66
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	

К І Р І С П Е

Жаңа ғасыр қоғамды қайта құру жағдайында Өзбекстан Республикасының білім беру саласындағы басты міндеттердің бірі – ұлттық ерекшеліктерді еске алып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісін дамыту және жетілдіруді басты мақсат етіп отыр. Білім мен тәрбие берудің негізі жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық процесін жақсарту кезек күттірмейтін мәселе. Педагогика ғылым ретінде өте күрделі. Оның күрделілігі – жүз мыңдаған компоненттерден бас қатырарлықтай шиеленісе байланысып жатуында. Ал, оның жауапкершілік өлшемі – адам. Мұны біз ұстаздық өмірімізде күн сайын, әрбір минут сайын ұмытпайық.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді. Ұстаз еңбегінің күрделілігі - әрбір оқушының жүрегіне жол табуында, баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді тануға, қоғам алдындағы жауапкершілікті, адамгершілік қадір – қасиетті сезіндіру. Бүгінгі ұстаз, ескінің көзіндей, жаңаның өзіндей болып дүниежүзілік мәдениетті танитын, төл мәдениетін қастерлейтін, сыйлайтын, оны өзгеге таныта, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық деңгейі жоғары, білімді, білікті болуы керек. Ұстаздың оқу – тәрбие ісі жастардың жүрегін тебірентіп, ой – сезіміне әсер ету үшін: біріншіден, саяси сауатты, жан – жақты білімді болуы; екіншіден, өз бойындағы білімді оқушы жүрегіне еркін, шеберлікпен жеткізе білетіндей әдіскерлік икемділігі; үшіншіден, оқушының психологиялық ой - өрісін бақылай алатын сезімтал психолог, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілігі қажет. Сонда ғана ол – нағыз ұстаз.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның тақырыбы: «Әдебиет сабақтарында көрнекілікті пайдалану жолдары» деп аталады. Көрнекілік-әрбір сабақтың тірегі. Мұғалім кейбір түсінуге қиын, көп күш кететін мәселелерді жеңіл, тез оңай меңгерту үшін көрнекілікті қолданады.

Бұл тақырыпты жазудағы мақсатым: Қазір білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінде қажеттілігін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану - басты талап. Мәселе

технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Сондықтан әдебиет сабақтарында көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдана білу мұғалім алдында тұрған бірде бір міндет.

Кәсіптік бітіру жұмысының өзектілігі: Мұғалімнің оқыту процесін жетілдіре түсудегі жұмысының бір түрі – сабақтың формалары мен оның құрылымын дамыту, оқытудың жаңа әдістерін талмай іздестіру. Олай болса, мұғалім сабақта қандай мақсат көздейтінін, оған жету үшін қандай әдіс тәсілдер мен көрнекі, техникалық құралдар қолданатынын нақты, алдын – ала жоспарлап алуы керек. Техникалық құралдарды оқу процесінде жүйелі пайдалану мұғалімнің түсіндіру әдісін жетілдіріп, оқушылардың өз бетінше орындайтын жұмысына да жақсы әсерін тигізеді.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып оқыту деп түсінбеу керек.

Үйренілу дәрежесі: Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының шарттары;

а) Компьютер интернет желісі арқылы ақпарат әлеміне енуге және оны сараптауға, талдауға мүмкіндік береді.

б) Компьютер оқушының зерттеу - танымдық әрекетінің құралы ретінде ерекшеленеді.

в) Компьютер-қатысымдық құрал. Оны тек сурет салу, презентация жасау ғана емес, сол сияқты субхат жасау, жазу, тыңдау әрекетінде қолдана алуға болады.

г) Компьютер оқушыға өз әрекетінің нәтижесін айқын, тез көрсетеді.

е) Компьютер көмегімен берілген жаттығуды, істі орындауда уақыт үнемделеді.

ж) Оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамытады, оқушының оқу белсенділігі артады, оқушының өз бетімен ақпарат алу қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді.

Тақырыптың негізгі жаңалығы: Әдебиет сабақтарында білім берудің барлық негізгі принциптері бір – бірімен байланысты жүзеге асырылады: саналық, көрнекілік, жүйелік, беріктік, жас ерекшеліктерінің ескерілуі, жекеше қарым – қатынас т.б. Әдебиетті оқытуда көрнекілік принципінің ролі ерекше. Көрнекілік принципін алғаш зерттеп, оған мәнді үлес қосқан чехтың ұлы ғалымы Ян Амос Коменский, К.Д.Ушинский т.б. Осы принцип негізінде Я.А.Коменский алғашқы оқытудың әдістемесін («Ұлы дидактика») жазды. К.Д.Ушинский көрнекілік жайындағы ілімді дамыта келіп, «көрнекілік – баланың психологиялық ерекшеліктеріне жауап береді, балалар заттардың пішіні, дыбысы, бояуы арқылы ойлайды¹» - деді. Алайда психологтардың тұжырымы бойынша бастауыш мектеп жасындағы баланың ойлау түрі бірте – бірте көрнекі қимылдан көрнекі – бейнеліге ауысады, тіпті мұнда қандай да деңгейде абстракты ойлар да жүзеге аса бастайтыны белгілі. Сондақтан, сурет 1-ші сыныпта көп болғанымен, оның бірте – бірте сынып ауысқан сайын азаюы осы қағидаға лайықталған. Оқыту процесінде сөзбен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әр түрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді.

Менің кәсіптік жұмысымның маңыздылығы: Оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда көрнекіліктердің өзіндік маңызы зор. Жалпы таным процесі есту, көру, сезу арқылы жүзеге асатынын филолог ғалымдар өте ертеден-ақ айтқан. «Көрнекілік» дегеннің өзі көру етістігінен шықса да, қазір оның мағынасы кеңейді.

Көрнекілік-әрбір сабақтың тірегі. Мұғалім кейбір түсінуге қиын, көп күш кететін мәселелерді жеңіл, тез оңай меңгерту үшін көрнекілікті қолданады.

¹ Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арн.оқулық.- Алматы: Рауан, 1997.

Әдебиет сабағында көрнекіліктің бірнеше түрге жіктеуге болады:

1. Көру көрнекіліктері. Оған сызба, үлестірмелі кеспе қағаздар, оқулық, кітаптар, буклеттер, экранды және техникалық құралдар жатады.
2. Есту көрнекіліктері. Оған техникалық құрал түрлері, қосымша материалдардан алынған әңгімелеу жатады.
3. Көру, есту көрнекіліктерінің екеуіне жататын – кино, телехабарлар оқу фильмдері де көрнекіліктердің маңызды бір саласы болып есептелінеді.

Көрнекі құралдардың қолдану тиімділігі жоғары болғаны жөн. Ол тек сабақты сырт түрлендіру рөлін атқармай, мұғалімнің беретін ақпаратын еселеп, көрнекті түрде жеткізе алатын тірек болуға тиіс. Алдымен, көрнекілік оқушыға эстетикалық әсерлілігі, мазмұндылығы тұрғысынан ықпал етуі керек. Әр сабақта көрнекілікті пайдаланудың реті, көлемі сақталуға тиіс. (20мин)

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның теориялық жағы: Оқыту, білім беру арқылы адамның танымын ұлғайта, дамыта отырып, кейбір құбылыстардың сырын тез меңгеру, танып-білу әрекетінің ұзақтығын қысқартуға мүмкіндік жасаймыз. Адамзат баласының ұзақ жылдар бойына танып, білген заңдылықтарын, ұғым мәндерін ғылыми жинақталған жүйелі білім салалары арқылы жас ұрпақтың өткен тәжірибені тез меңгеруіне, ұғынып, түсінуіне жол ашамыз. Дүниетанымын кеңейте отырып, жаңа іс-әрекеттерді тез игеріп кетуіне қолқабыс етеміз. Мұнда ғылымның көрінісі, берілісі болып табылатын мектепте оқытылатын жеке пәндердің алар орны ерекше. Жеке пәндерді оқыту арқылы оқушы танымының толығына, қалыптасуына, дамуына, өздігінен өмірлік құбылыстарды дұрыс танып, игеруіне, оған ықпал етуіне мүмкіндік береміз.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның практикалық жағы: Ғылыми ұғымдарды, заңдылықтарды меңгерту жеңіл процесс емес. Ол көп еңбектенуді, білім жүйелерін дұрыс меңгертіп игертуді қажет етеді. Білімді меңгертуде, оқытуды ұғымдастыруда әрбір оқушының өзіндік ерекшелігін ескеріп отырғанымыз жөн. Біреу есіткенді, біреу көргенді, біреу сезім арқылы

сезгенді тез қабылдап, түсініп ұғынатын, танып білетін болады. Кейде ұғымдарды талдап, түсіндіруге оқушының ой-әрекетінің қимылға көшіретін, соған негіз қалайтын қозғаушы нәрсе жағдай қажет болатыны болады. Адам бір нәрсені, затты, құбылысты кездестіргеннен кейін ғана оны танып білуге, оның ерекшелігін, сырын ұғынып, түсінуге кірісетіні ақиқат. Көрмеген, кездестірмеген, білмеген нәрселерді оқу арқылы өзінің бұрынғы білім, танымына сүйену арқылы, білген, таныған заттарына, құбылысына оны салыстыру нәтижесінде оны толық білуге, тануға ұмтылыс жасайды. Бала бір пәнді оқи отырып, қзіне таныс емес бірақ ғылымда танылған заңдылықтарды, айқындалған нәрселерді, ұғымдарды, құбылыстарды танып білуге кіріседі. Мұғалім осы жағдайды ескере отырып, әр сабақ барысында материалды тез, жеңіл меңгеруі үшін әр түрлі тәсілді, амалды, әрекетті пайдаланады. Соның ішінде көрнекілік ерекше орын алады.

Кәсіптік бітіру жұмысым төмендегідей жазылған

1. Кіріспе бөлімі.
2. Негізгі бөлім.
3. Қорытынды, қолданылатын әдебиеттерден тұрады.

Қорыта келіп айтқанда, әдебиет сабақтарында техникалық көрнекіліктер компьютер және ақпараттық технологиялар оқушының жаңаша оқу қабілетін қалыптастырып, оқушының өзіндік қызмет жасауына, шығармашылығының дамуына бағытталған. Қазіргі заманның даму қарқынында компьютерлік технологияны білім беруде кеңінен қолдануға мүмкіндік туады. Енді сол технологияны меңгеріп, жас ұрпаққа заман талабына сай білім беру, мұғалім алдында тұрған үлкен міндет.

1.ТАРАУ. Көрнекілік әдісі туралы түсінік

Мектепте өзге пәндердің оқыту әдістері сияқты әдебиет сабағын оқытудың да өзіне тән міндеті мен бағдарламасы, оқыту әдісі бар. Соның бірі көрнекілік әдісі².

Оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты болады. Оқыту процесінде мынандай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – мұғалім оқытуы, екінші мәселе – оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, мұғалімнің әңгімелесуі - әңгіме әдісі немесе кітаппен жүргізетін жұмыс түрлері – кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беруі оқушы білімін тексеру әдісі деп аталады. Сонымен, әдіс-тәсіл оқытушы мен оқушы арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Мектептегі оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Мысалы, әдеби айтыс тудыратын сұрақтар оқушы белсенділігін танытып, арттыратын тәсілдердің бір түріне жатса, көркем мәтінді талдау оқушының тәжірибелік жұмысын бақылаудың бір тәсілі, жолы болып келеді. Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше.

Академик Ю. Н. Бабанский өзінің «Оқу-тәрбие процесін оптималдандыру» деген еңбегінде әдістерді мынадай үлкен үш топқа жинақтайды.

1. Оқушылардың оқу-таным қызметін ұйымдастыру әдістері.
2. Оқушылардың оқу-таным қызметін көтермелеу әдістері.
3. Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері.

Әр топ бірнеше оқыту әдістерінен тұрады. Мысалы, бір топтағы оқыту әдістеріне: сөздік (әңгіме, лекция, пікірлесу), көрнекілік (иллюстрация, портрет, суреттеу, мүсіндер), практикалық (поэтикалық талдау, көркем

²Ә.Қоңыратбаев. 4-7кастарда әдебиет оқыту методикасы 1987

мәтінмен жұмыстар, әдістер жатады. Сондай-ақ, репродуктивтік, эвристикалық әдістерді де осы топқа жатқызуға болады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әр топтағы әдістемелердің өз мүмкіндігі, ерекшелігі болады. Төмендегі кесте арқылы кей әдістерді қай мәнде пайдалану тиімді болады, соған тоқталайық.

Сөздік әдіс	Көрнекілік әдіс	Практикалық әдістер	Зерттеу әдісі
Берілетін білім ақпараттық сипаттау болғанда, білімді қалыптастыру, соның ішінде теориялық білім беру, жаңа ұғымдарды оқушыға жеткізуде бұл әдіс өте тиімді. Сөздік әдіс, әсіресе, әдебиет пәнінің күре тамыры деуге де болатындай.	Берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, әсіресе, оқушы психологиясына әсер ету мақсаттарында өте тиімді болады. Сондай-ақ оқушыны сабаққа қызықтыру, ынталандыру мәселелерінде де маңызы бар.	Оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Бұл әдіс кітаппен жұмыс түрлері кезінде жазушы тілі, стилін анықтауда өте тиімді.	Берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту оқушыларды іздендіру, өз беттерімен проблема шештіру мәселелерінде тиімді. Оқушылардың өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып, пайдалануы керек. Көркемдеп оқу әдісі әдебиетті оқытуда

үлкен рөл атқарады. Ол оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытуда өте тиімді болып келеді. Бұл әдістің негізгі тәсілдері мұғалімнің мәнерлеп оқуы, көркем сөз шеберлерінің оқуы, күйтабақты, ұнтаспаны тыңдауы т.с.с. болып табылады. Мұғалімнің мәтінді әрі мәнерлей, әрі түсінік бере оқуы, оқушыларды осы жұмысқа баулуы, мәтінге жуық әңгімелету, жоспар жасау, негізгі оқиғаларға ат қойғызу, жинақтау т.б. шығармашылық жұмыстар да осы әдістің негізгі тәсілдері. Сондай-ақ көркем мәтінді оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану (қабілетіне қарай өнерін шығару), сценарий жасату, оқыған шығармаларға, көркем суреттер бойынша пікір айтқыза білу (көркем киноны, пьесаларды, т.б.) тиімді тәсіл ретінде оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру түрлеріне де жатады. Мұғалім осы жұмыстың басы-қасында, оны ойластырушы да, орындаушы, орындатушы да болып қызмет атқарады.

1.1. Әдебиет сабағындағы көрнекі құралдар түрлері және маңызы

Мұғалімнің оқыту процесін жетілдіре түсудегі жұмысының бір түрі – сабақтың формалары мен оның құрылымын дамыту, оқытудың жаңа әдістерін талмай іздестіру. Олай болса, мұғалім сабақта қандай мақсат көздейтінін, оған жету үшін қандай әдіс тәсілдер мен көрнекі, техникалық құралдар қолданатынын нақты, алдын – ала жоспарлап алуы керек. Техникалық құралдарды оқу процесінде жүйелі пайдалану мұғалімнің түсіндіру әдісін жетілдіріп, оқушылардың өз бетінше орындайтын жұмысына да жақсы әсерін тигізеді.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып оқыту деп түсінбеу керек.

Әдебиет сабақтарында білім берудің барлық негізгі принциптері бір – бірімен байланысты жүзеге асырылады: саналық, көрнекілік, жүйелік, беріктік, жас ерекшеліктерінің ескерілуі, жекеше қарым – қатынас т.б. Әдебиетті оқытуда көрнекілік принципінің ролі ерекше. Көрнекілік принципін алғаш зерттеп, оған мәнді үлес қосқан Ян Амос Каменский, К.Д.Ушинский т.б. Осы принцип негізінде Я.А.Коменский алғашқы оқытудың әдістемесін («Ұлы дидактика») жазды. К.Д.Ушинский көрнекілік жайындағы ілімді дамыта келіп, «көрнекілік – баланың психологиялық ерекшеліктеріне жауап береді, балалар заттардың пішіні, дыбысы, бояуы арқылы ойлайды» - деді. Алайда психологтардың тұжырымы бойынша бастауыш мектеп жасындағы баланың ойлау түрі бірте – бірте көрнекі қимылдан көрнекі – бейнеліге ауысады, тіпті мұнда қандай да деңгейде абстракты ойлар да жүзеге аса бастайтыны белгілі. Сондақтан, сурет 1-ші сыныпта көп болғанымен, оның бірте – бірте сынып ауысқан сайын азаюы осы қағидаға лайықталған. Оқыту процесінде сөзбен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әр түрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Мысалы, сабақты

демонстрациялап өткізу өте тиімді және нәтижелі болады. Көрнекілік абстракты ұғымды игеруге әсер етеді.

Көрнекі құралдардың түрлерін білу мұғалімнің, оларды дұрыс тандап алуына және оқытуда тиімді түрде пайдалануға, сондай-ақ өзінің немесе балалармен бірге көрнекі құралдарды дайындап алуына мүмкіндік береді. Көрнекі оқу құралдарды табиғи және суретті құралдар деп бөлу қабылданған. Әдебиет сабағында пайдаланылған табиғи көрнекі құралдарға айналадағы өмірден алынған нәрселер: дәптерлер, карандаштар, шыбықтар, кубиктер т.с.с. жатады. Суретті көрнекі құралдар ішіне бейнелік көрнекі құралдар жеке бөлініп көрсетіледі: Заттар, суреттер, фигуралардың, қағаз бен картоннан жасалған кескіндері, заттардың немесе фигуралардың кескіндері салынған кестелер. Суретті көрнекі құралдың екінші бір түрі шартты (символдық) құралдар болып табылады: портреттік символдардың, схемалар, суреттер, сызбалар. Суреттік көрнекі құралдар да жатады. Олар: оқу фильмдері, диофильмдер, диофозитивтер, нитербелсенді тақта. Көрнекі құралдарды пайдалану тұрғысан алғанда жалпы сыныптық және жекелік деп бөлінеді. Жалпы сыныптық көрнекі құралдарды бүкіл сынып болып пайдаланылады (кейде оларды демонстрациялық деп атайды). Жекелік көрнекі құралмен әрбір оқушы жеке пайдаланады. Көбінесе жалпы сыныптық, және жекелік құралдар мазмұны жөнінен бірдей және айырмашылығы тек үлкен – кішілігінде ғана болады: геометриялық фигуралардың модельдері, кеспе цифрлар, сызба құралдары т.с.с. Дайындау тұрғысынан алғанда көрнекі құралдар баспахана тәсілімен немесе фабрикада дайындалған және мұғалімнің немесе балалардың өздері қолдан жасаған көрнекі құралдар деп бөлінеді. Қолдан жасалған құралдар дайын көрнекі құралдарды толықтырады: бұлар – арнайы тапсырмалар үшін әр түрлі суреттер мен сызбалар, құрастырмалы геометриялық фигуралар, цифрлар мен жеке сөздерді алмастыруға болатын кестелер т.б. көрнекі құралдарды жасауға балаларды қатыстырып отырған пайдалы³. Мұның білімдік және тәрбиелік

³ Бадырақов Қ. Жоғары кластарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі. –А., 1977.

маңызы зор, білім мен біліктерді саналы түрде және берік меңгеруге, белгілі бір еңбек дағдыларына төселдіруге көмектеседі. Өздері қолдан жасалған құралдармен жұмыс істегенде бала еңбекті құрметтей білуге үйренеді.

Әдебиет сабақтарында көрнекілікті дұрыс пайдалану мазмұнды ұғымдардың қалыптасуына көмектеседі, оқушылардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытады. Нақтылы құбылыстарды қарастыру және талдау негізінде, кейін практикада қолданылатын, тұжырымдарға келулеріне көмектеседі⁴.

Қорыта келгенде, қай пәнді болса да оқушыларға түсінікті, қызықты, тартымды және күнделікті өмірмен байланыстыра өткізу – оқытудың ең басты талабы. Барлық сынып балаларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін оқу процесінде үздіксіз дамыту, сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін, сабақтарда көрнекі құралдарды пайдаланудың маңызы зор. Сабақта тиімді пайдаланылған көрнекі құралдар мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың тиянақты меңгеруіне көмегін тигізеді. Көрнекілік оқушыларды сергітіп, тапсырманы тез ынтамен орындауға, өз беттерімен жұмыс істеуге үйретеді. Оқушылардың ойланғыштық, іздемпаздық қабілетін арттырады. Сондықтан да күнделікті өткізген сабақтарында түрлі көрнекі құралдарды көп пайдаланып отыру өте тиімді.

⁴ Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. – А., 1999.

1.2. Әдебиет пәнінде көрнекілікті қолдану принципі

Адам өзін қоршаған ортаның, құбылыстың, табиғаттың сырларын, ерекшеліктерін танып білуге әрдайым талпынып, іздену, ұғыну, түсіну үстінде болады. Сыртқы дүниенің әсеріне түсу, көру, сезу арқылы түсініп, анып, біліп сол туралы ұғым, ой қалыптасады. Танымы дамиды. Жалпы таным дегеніміз білмеуден білуге қарай, шала білуден толық білуге қарай жүйелі жүріп отыратын адам ойының күрделі процесі болып табылады⁵. Оқыту, білім беру арқылы адамның танымын ұлғайта, дамыта отырып, кейбір құбылыстардың сырын тез меңгеру, танып-білу әрекетінің ұзақтығын қысқартуға мүмкіндік жасаймыз. Адамзат баласының ұзақ жылдар бойына танып, білген заңдылықтарын, ұғым мәндерін ғылыми жинақталған жүйелі білім салалары арқылы жас ұрпақтың өткен тәжірибені тез меңгеруіне, ұғынып, түсінуіне жол ашамыз. Дүниетанымын кеңейте отырып, жаңа іс-әрекеттерді тез игеріп кетуіне қолқабыс етеміз. Мұнда ғылымның көрінісі, берілісі болып табылатын мектепте оқытылатын жеке пәндердің алар орны ерекше. Жеке пәндерді оқыту арқылы оқушы танымының толығыуына, қалыптасуына, дамуына, өздігінен өмірлік құбылыстарды дұрыс танып, игеруіне, оған ықпал етуіне мүмкіндік береміз,

Ғылыми ұғымдарды, заңдылықтарды меңгерту жеңіл процесс емес. Ол көп еңбектенуді, білім жүйелерін дұрыс меңгертіп игертуді қажет етеді. Білімді меңгертуде, оқытуды ұғымдастыруда әрбір оқушының өзіндік ерекшелігін ескеріп отырғанымыз жөн. Біреу есіткенді, біреу көргенді, біреу сезім арқылы сезгенді тез қабылдап, түсініп ұғынатын, танып білетін болады. Кейде ұғымдарды талдап, түсіндіруге оқушының ой-әрекетінің қимылға көшіретін, соған негіз қалайтын қозғаушы нәрсе жағдай қажет болатыны болады. Адам бір нәрсені, затты, құбылысты кездестіргеннен кейін ғана оны танып білуге, оның ерекшелігін, сырын ұғынып, түсінуге кірісетіні ақиқат. Көрмеген, кездестірмеген, білмеген нәрселерді оқу арқылы өзінің бұрынғы

⁵ Қ. Тасболатұлы. Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың әдістемесі. 2002

білім, танымына сүйену арқылы, білген, таныған заттарына, құбылысына оны салыстыру нәтижесінде оны толық білуге, тануға ұмтылыс жасайды. Бала бір пәнді оқи отырып, қзіне таныс емес бірақ ғылымда танылған заңдылықтарды, айқындалған нәрселерді, ұғымдарды, құбылыстарды танып білуге кіріседі. Мұғалім осы жағдайды ескере отырып, әр сабақ барысында материалды тез, жеңіл меңгеруі үшін әр түрлі тәсілді, амалды, әрекетті пайдаланады. Соның ішінде көрнекілік ерекше орын алады. Әдебиет пәні сабағында көрнекіліктің орны айрықша. Мұның басқа пәндердегі көрнекіліктен мәні, мазмұны, түрі, құрылысы жағынан да өзгеше өзіндік ерекшелігі бар екенін түсініп, білуіміз керек. Өйткені әдебиет пәні әдебиет тарихын таныстырумен бірге әрбір жазушының шеберлік ерекшелігін, көркемдік, тілдік жаңалықтарын, мәдениетімізге қосқанын үлесін, алатын орнын танытатын болады. Әдебиеттің негізгі құралы - сөз. Сөз арқылы талай-талай кестелі өрнектер жасай отырып, адам сезіміне тікелей әсер ету арқылы оқушы дүниетанымын қалыптастыратын болады. Мұғалім өз жұмысында, күнделікті сабағында сөзді ерекше қолданып, пайдаланып отырады. Жазушының тіл, сөз шеберлігіне айрықша мән беріп, өзінің талдау, түсінігіне тірек, ойына қазық етіп, материалды ұғындыруға дәлел, дәйек етеді.

Мұғалім сабақ барысында, оның тақырыбын ашу үшін жазушы шығармашылығын, туындысын, оның мән-мағынасын, ой тәркінін мақсат-бағдарын айқындау үстінде шығарманың өзіне, ондағы сөзге, сөз қолданыстарына тікелей арқа сүйенуіне тура келеді. Жазушы шығармаларынан алынатын үзінділер, мысалдар мұғалім ойының, түсінігінің, ұғымды, құбылысты меңгертудің тірегі, дәлелі болмақ. Демек әдебиет сабағында сөз ерекше орын алады. Сөзді көрнекілік ретінде кеңінен қолданатын, пайдаланатын болады.

Көрнекілік әр-бір сабақтың тірегі. Сол арқылы мұғалім кейбір түсінуге қиын, көп күш жұмсауды керек ететін мәселелерді жеңіл, тез, оңай меңгерту, түсіндіру, таныту үшін қолданатын болады. Бұл жерде көрнекілік пен

көрнекі құрал деген ұғымды ажыратып, айқындап алуымыз керек. Өйткені практикада мұны бірінің орнына бірін жиі қолданатынымыз көп кездеседі.

Әдебиет пәні сабағында өтіп отырылған материалдың ішіндегі ұтымға, құбылысқа, ой жүйесіне, оқиға желісіне, шығарманың тілдік, кейіпкерлік құрылысына, туындыдағы іс-әрекетке оқушының көңілін баса аударту арқылы оны дұрыс таныту, танымын қалыптастыру, түсінігін тұрақтандыру, ойын жетілдіру, дамыту үшін мұғалімнің тарапынан көрсетілетін, ұсынылатын, берілетін, айтылатын нәрселердің, құбылыстардың заттардың көрінісін көрнекілік дейміз де, соның жеке алынып, даярланып, ретке келтіріліп, безендіріліп, арнайы жабдыкталып, формаға түсіріліп оқушыға ұсынылған түрін, материалды көрнекі құрал дейміз⁶.

Жазушы шығармасын оқыту барысында мұғалім сол жазушының негізгі шығармаларын, жазушының туған жерін, жылын тақтаға жазып отырып түсіндіреді, немесе кейіпкерлерді талдағанда туындыдан үзінділер, шығарма жайында кей пікірлерді дәлелдеме ретінде келтіріп отыруы мүмкін, бірақ бұл жүйеленбеген бір ыормаға келтірілмеген нәрсе. Дегенмен мұнда мұғалім өз ойының негізгі кезеңдерін айқындауды негіз етіп отырғаны белгілі. Мұны көрнекілік десе, бұған керісінше мұғалім сабақ өтерден бұрын өткізілетін тақырыбына арнайы схема, таблица, плакат даярлап, соны сүйеніш ете отырып, жаңа материалды түсіндірсе не қайталап пысықтаса, практикалық жұмыстар жүргізсе, ол көрнекі құрал болып есептеледі. Сонымен бірге бұл көрнекілік деп те аталады. Бұдан аңғарғанымыздай көрнекілік ұғымы кең де, ауқымды.

Әдебиет пәні сабағында мынандай көрнекіліктер пайдаланылады:

1. Сөздік көрнекілік
2. Заттық көрнекілік
3. Сызбалы көрнекілік
4. Суретті-түсіндірмелі көрнекілік

⁶ Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы, оқушыны дамыту. Құрал ретінде, Алматы 2002 жыл.

Сөздік көрнекілік. Басқа пәндерден гөрі әдебиет сабағында жиі қолданылатын көрнекілік. Өйткені әдебиеттің басты құралы сөз. Сөз арқылы жазушы кейіпкер бейнесін, оның қарым-қатынастық көріністерін, табиғат суретін әсем кестелеп, көркемдеп оқырманына жеткізе біледі. Олай болса жазушы мақсатын, шығарма тақырыбын, оның тілі ерекшелігін, шығарма көркемдігін, кестелі суреттерді, кейіпкерлердің өзіндік, даралық ерекшеліктерін сол туындының өзінен, одан алынған дәйекті мысалдарға сүйену, жүгіну, үзінді келтіру арқылы ғана дәлелдеуге, оқушыны иландырып, сендіруге болады. Сөздік көрнекіліктің жүйесін дұрыс қолданғанда ғана оның тиімділігін арттыра аламыз. Сөздік көрнекілікті шартты түрде бастамалы, сипаттамалы, дәлелдемелі, жинақтамалы деп төртке бөліп, жіктеп саралай қарастыруды жөн деп есептейміз.

Жазушының өмір жолы мен шығармашылығын өтер алдында шығармадағы кейіпкерлерді талдау үшін сол жазушының өз шығармаларынан немесе басқа жазушылар туындыларынан алынған, өтілгелі отырылған сабақ тақырыбының мән-мазмұнын ашуға септігін тигізетін, оқушы ойына қозғау салатын немесе оның тақырыпқа деген ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыруға бастама бола білетін, материалды, тақырыпты бастауға негіз етіп алынатын үзінділерді бастамалы сөздік көрнекілік дейміз⁷.

Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын өтер кезде, сабақ тақырыбын талдауды бастар алдында М.Мақатаевтің Сәкенге арналған өлеңінен Мынандай үзінді келтіре отырып:

Ғажапсың аға ғажапсың,
От кешкен алғаш озатсың,
Халқыма келген азатсың,
Тар – жол тайғақ кешуді,
Кешіп өткен қазақсың,- деп бастау арқылы Мұқағали өз өліңінде ғажап деп таңдана, тамсанып отырған ақыны кім? Неге, не үшін от кешкен, халқын

⁷ Ақшолоқов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. – А. Мектеп, 1993.

қандай азаттыққа бастап жүр? Қандай тар жол, тайғақ кешуді басынан кткізген? Кім үшін?

Сәкеннің ғаламат, ғажайып ақындық ерекшелігін, от кешкен азапты өмірін , халқының азаттыққа ұмтылысын бастаудағы ролін , тар жол тайғақ кешкен өмір кезеңдерін ақынның туындыларын жан-жақты талдау, танысу, оқып үйрену арқылы ғана терең ізденіс барысында ғана білетін боламыз деп сабақты бастайтын болсақ, бастама үшін М. Мақатаевтің өлеңін тілге тірек, бастау, негіз етсек, осындай басқыш арқылы сабақты жалғастырсақ, оқушыны ойлануға, әр бір өлең жолына, ақын ойына зер сала, зейін қоя оқуына түрткі жасаймыз.

Абай шығармашылығын өтер алдында ақынның:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма,- деген өлеңін бастама ретінде пайдалансақ, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын өту алдында Абайдың:

Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол,

Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.

Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,

Мен не болсам болайын, сен аман бол,- деген өлеңін бастама ретінде пайдалансақ, тұтас та күрделі шығарманы талдаудың мақсат, мүддесін айқындауға жол салатын боламыз. Осы мақсат үшін Абайдың мынандай өлең жолдарын пайдалануға болады:

Ғашықтық тілі – тілсіз тіл,

Көзбен көр де іштен біл.

Сүйісер жастар қате етпес,

Мейлің илан, мейлің құл.

Мұғалім ойының бастауына негіз боларлық мұндай көрнекілік түрін жеке кейіпкерлерді талдау кезінде де кеңінен пайдалануға, қолдануға болады⁸.

⁸ Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармаларын оқыту. - Өскемен: Б.ж., 1994.- 180б.

Абай жолы эпопеясында Абайдың өмірді тану,біле бастауы , айналасына деген көз қарасы Қодар мен Қамқа оқиғасына тікелей байланысты қалыптасатынына, Абай бойындағы адамгершілік ізгіліктің оянуы осы оқиғадан бастау алатыны белгілі.

Олай болса Абай әлемін түсіну үшін романдағы осы эпизотты жан-жақты түсіндіруден , оның мән-мағынасын ұғындырып білуден, осы жағдайға байланысты оқушы көзқарасын дұрыс қалыптастырудан бастағанымыз жөн болмақ. Романның келесі оқиғаларын, даму барысын логикалық байланыс жүйесін түсінуде бұл көркемдік детальдың алатын орны ерекше.

Осы оқиғаны талдаудан, тақырыпты бастаудан, әңгімеге кірісуден, кейіпкерлерді мінездемедеуден бұрын Б.Тәжібаевтің Қара тастың монологы деген өлеңінен:

Тыңдашы, адам, тыңдашы, уа, халайық!

Кедейліктен басқа оларда барма айып.

Мен ақ шақпақ тас едім,

Ұяты мен күйігінен солардың,

Жүзім күйіп, кеттім, міне, қарайып,

Қандай кінәм бар еді, уа, халайық!- деген үзіндіні келтіре отырып , бұл қандай тас, қай жердің тасы, ненің күйігінен қарайып кеткен, ненің кінәсі? Дей отырып, жасалған қылмыстың қара тастың да қабырғасын қайыстырып, адамдардың жасаған қылмысының ұятынан қайғылы күйге түскенін айта келіп, Құнанбай бастаған топтың іс-әрекетіне оған деген жас балаң Абай бойында туындаған ашу-кекке талдау бере отырып, роман кейіпкерлерін, олардың ара қатынасын, оның роман идеясы мен тақырыбын жан-жақты ашуға қосқан үлесін танытуға кіріссек, оқушы мәтінді меңгеруге ынталы да қызыға қатысары даусыз.

Мұғалім көркем шығарманы талдап түсіндіруде шығарма кейіпкерлерінің суретіне, бейнесіне үлкен мән бере отырып, сол тәсілдер арқылы жазушының белгілі бір мақсат көздейтінін, тыңдаушысы мен

оқырманын нақты бағытқа бағдарлай отырып, оқушының көркемдік танымын дамытуға, сезімталдығын жетілдіруге үлкен мән беретіндігі ұғындыруға кірісетіні айқын.

Сол жолда көркем шығарма мәтінін кең пайдалану, мысалдар келтіру арқылы кейіпкер ерекшелігін білдіретін сипаттаулардан үзінділер келтіретін болады. Сөздік көрнекіліктің мұндай түрін сипаттамалы деп атағанымыз жөн.

Мысалы, - Қозы Көрпеш жырындағы Баян бейнесін, оның сипатын мұғалім өз сөзімен жырдағыдай келістіре суреттеп бере алмасы белгілі. Жырдың сол үзіндісін мұғалім өз мәнінде мәнеріне келтіре отырып, оқушыға жеткізе білсе, оның әсері, ықпалы ерекше болмақ.

Тал шыбықтай бұралған қзі керім,
Мінеки , оны айтатын келді жерім.
Қыпша бел алма мойын, сұлу Баян
Сипаты жаннан асқан ол бір ерім
Тал бойының міні жоқ қолаң шашты
Шашының ұзындығы тізін басты
Гүл төгілер аузынан меруерт тісті,
Ондай жан дүниеде жаралмасты.
Аппақ көрік, маңдайлы, қылығы наз,
Малың түгіл басыңды берсең де аз
Сыртыңнан күлімсіреп сөйлесе де,
Көңілі хош болмайды,баймен араз.
Жұрт айтатын темірлі күймесі бар
Қозы Көрпеш дегенде дүниесі тар.
Анда-санда болмаса сөйлеспейді,

Жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар.

Сондай-ақ Абай жолы□ эпопеясынан алынған мына бір үзіндіге көңіл аударып көрейікші:.... Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал-

тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя бері салғырттығы жоқ, сергек, қатал күзетші.

...Жалғыз көз, шүмет емес, томпақша, тесіле,сыздана қарайды. Кірпігінде сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып,шалқия отырып сөйлеген Құнанбай, осы үйде әркімге қарамайды.

Келтірілген үзінділерден оқушылар жеке бейненің сыртқы түр,түсін, суретін, сипатын көріп қана қоймайды. Оның ішкі сезім дүниесін, түсінік түйсігін, өзіне ғана тән мінез-ерекшелігін,басқалардан айырмашылығын,алыс, жақын мінездестігін жалпы адамға тән сыр сипатын да аңғаратын болады.

Оқушы осындай бейнелі сипатты көзіне елестете отырып, кейіпкерлердің ішкі дүниесіне үңілетін болады. Сол арқылы олардың қыр-сырын танып, ұғынуға тырысады. Кейіпкер сипаты арқылы көп нәрсені аңғарып түсінуге ұмтылады. Мұғалімнің да міндеті кейіпкер сипаты арқылы оқушыны жазушыныңкөркемдік тәсіліне , бейнені дәл бере білу ерекшелігіне , шеберлігіне тамсандыра , таңдандыра, еліктіре отырып,көркемдік әлемнің мән,мағынасын ,күдіретін түсіндіру.

Осы бағытта бейнелі сипаттаудың ерекше орын алатынын ұғындырамыз , ұғынуына мүмкіндік жасауымыз керек. Осындай сипаттамалы сөздік көрнекілік арқылы оқушының танымдық ой қиялын жетілдіретін де боламыз.

Сөздік көрнекіліктің ішінде ерекше орын алатыны дәлелдемелі көрнекілік. Мұнда жоғарыда айтылған көрнекіліктер сияқты жетекшілік рольді тек мұғалім ғана атқарып қоймайды, оқушылар да тікелей қатысып , араласып, белсенді іс-әрекет атқарады. Оқушының өздігінен дербес жұмыс істеуіне ,әдеби танымының дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Бұл жерде мұғалім де, оқушы да дәлелдеуге алған бір мысалына мұқият жауапкершілікпен қарап,

ол келтірілген мысалдар, айтылған, айтылатын, айтылайын деп отырған немесе бұрыннан айтылып келе жатқан ой-пікірді, тұжырымдарды айқындап, нақтылай түсетін ой желісіне тірек бола алатын үзінділер болғаны жөн.

Қозы Көрпеш-Баян сұлу□ жырының негізі махаббат. Махаббатқа беріктілік, оған деген тұрақтылық, сол жолдағы кездесер қиындыққа көрсетілер мызғымас табандылық қарапайым пенденің қолынан келе беретін жеңіл-желпі әрекет емес. Шынайы махаббат өз жолында қандай бір кедергілер кездеспесін қайыспай, қажымай қарсы тұрса, нендей бір ауыртпалық, қиыншылық болса да шыдамдылықпен төзімділікті көрсетуді, құрбандыққа баруды талап етеді. Қозы аузынан айтылатын:

Алдымда неше қатар тұрса да оқ,

Тартылып бұл сапардан қалуым жоқ,

Сұлуын дүниенің жисаңдағы,

Бір жарымдай болмайды көңілім тоқ,- деген нағыз шынайы махаббаттың не екенін бұл жерде ана мен баласының диалогын толық келтірсе де болады, махаббат жолында сүйіскен жастарға алапат толқынды күш те тоқтау бола алмайтынын көрсетсе, Баянның әкеге айтқан:

Емін еркін жапанда жүрген емен

Бір Қозыдан басқаны көрген емен

Елден бура жиып ап шөктіретін

Мүйіз көк термешелі інген емен,- махаббат дертінің әке алдындағы перзенттік парызын да ұмыттыратын, көзсіз іс-әрекетке де жетелейтінін байқатады. Мұнда да Баян мен Қарабай диалогын келтіруге де болар еді.

Мінекей мұнда келтірілген үзінділер бір ғана нәрсені дәлелдеуге дәлелдеме ретінде пайдалануға, махаббаттың лапылдап жалын атқан ересен күш екеніне, оның тасқынды асау толқынына еш нәрсенің кедергі бола алмайтындығына тыңдаушыны сендіру, иландыру, мойындату.

Мұндай дәлелдемелік көрнекіліктер жазушы туындыларының ерекшеліктерін, өзіне тән шеберліктерін, шығармадағы кейіпкер сипатын суреттеудегі айшықты көркемдік өрнектерді т.б. танытып білдіру мақсатында қолданылып отырады. Мұның үлгісін әрбір сабақ сайын мұғалімнің өзі көрсетіп, оқушылардың өзі да сөйлеуі мен жауаптарында жүйелі қолданылып отыруын талап етуге тиіспіз. Әрдайым мұғалім оқушыға ойынды немен, қалай дәлелдейсің, мысал келтір, мысалың ойынды дәлелдеуге сәйкес келеме? Т.б. сұрақтар қоюы арқылы оқушының ізденуіне мүмкіндік жасап отырамыз.

Мұғалім өстіп талдап отырған тақырыбын ондағы айтылатын ойдың қорытынды түйінін жинақтап, оқушы назарын сол негізгі тұжырымды пікірге аударып отыруы керек. Осындай оқушы ойын бір нысанаға бағыттау үшін мұғалім сабақ соңында өз баяндауын қорытындылай, баяндай келіп пайдаланылатын мысалдарды, дәлелдерді, үзінділері сөздік көрнекіліктің, шартты түрде, жинақтамалы түрі деп аталады.

Мысалы: қазақ поэзиясының ерекше дарыны Ілияс өмір жолын, шығармашылығын бағдарламалық сағат көлемінде талдай келіп, соңғы сағатында қазақтың кең сахарасының құла белін, жазира даласын тамсандыра алған қазақ күйінің құдіретті күшін поэзия тілімен тамылжыта жеткізе білген, сонысымен поэзиямыздың шаң жұқпас саңлақ та сәйгүлік жүйрігі Құлагері ☐ атанған, әлем көгіндегі жарық жұлдыздан жарқырай жайнап, дүниеден тез өткен Ілияс ізі, үні, үлгісі, әдебиетіміздің тарихынан мәңгі орын алады. С. Мәуленов сөзімен айтсақ

Күйшінің күй тартқанда мұрагері,

Даланың қалған ұйып құла-белі.

Жұлдыздай жарқ-жұрқ етіп жайнап өткен

Қазақтың өлеңінің Құлагері□ халқымызды таңдандыра, тамсандыра поэзиямызға өз үлгі өнегесін қалдыра отырып, поэзия Құлагері□дүниеден сол Құлагердей қайғымен өтіп кетті- деп ақтайтын болсақ мұғалімнің мұндай нысаналы, жинақтамалы ойын, Ілиястай поэзиямыздың дара тұлғасын оқушылар терең тани отырып, тебірене қабылдайтын болады.

Осы сияқты поэзия алыбы Жамбылдың шығармашылық өмір жолын талдап өте отырып, аяқтау сабағында ақынның өз сөзі:

Жақсы сөз бейне шам-шырақ,

Орнаған мықтап көңілге.

Жақсы сөздің иесін

Ұйғара алман өлімге,- деген өлеңімен аяқтап, барлық сабақ бойында айтылған. Бағдарламада қанша сағат берілсе, соның соңғы сабағында келтірілуі керек. Ой пікірімізді жинақтасақ, оқушылар ақын туындыларының халық жүрегінен орын алуының себебі елінің мұң-мүддесін жырлайында, ақындық дарынын, сөз маржанын солардың тілегінен шығуға бағыттануында екендігін түсінетін, сонысы үшін халқымыз ақынды қадір тұтып, құрмет ететінін білетін болады.

Жинақтамалы, қорытындыламалы көрнекілік суреткердің өзіне тән ерекшелігін білдіру үшін, назарын бөлу үшін қолданылады.

Әдебиет пәні сабағында сөздік көрнекілікті қолдану арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, ой-қиялын жетілдіруге, әр бір сөзге мән бере карауға, сөзді, сөйлемді орнымен қолдануға, сөз мәнін дұрыс

түсінуге, айшықты, көркем, тартымды сөйлеуге, ойын орынды дәлелдермен жеткізе білуге үйрететін боламыз. Сөздік көрнекілікке қойылатын талаптар: Мұғалім қолданған әр бәр мысал, үзінді, шығарма мәтініне толық сай, сәйкес келуі керек.

Алынған, келтірілген әрбәр сөздің мәні, ұғымы оқушыға түсінікті болуы тиіс.

Мұғалім келтіретін мысалдарын баяндаумен үйлесімді қолдана білуі керек.

Мұғалімнің шығармадан алған мәтіні ойды түсіндіруге көмек ететін айқын, мәнді, көркем болуы тиіс.

Алынған мәтін екі ұшты пікір тудыратын болмауы керек.

Алынған мысалдар даулы пікірлерді шешуге көмек ететін, дәйек бола алуы тиіс.

Мұғалімнің келтірілген үзінділері беделді, танымал,ұлағатты, ғалым адамдардікі болғаны жөн.

Бір сабақтың үстінде келтірілген мысал, үзінділердің қайталануынан қашуымыз керек.

Алынған мысал, үзінділер мүмкіндігінше туындының соңғы нұсқасынан алынғаны жөн.

Заттық көрнекілік. Бұл көрнекіліктің оқушылар үшін тарихи тәрбиелік мәні ерекше. Оқушылардың тарихи танымын дамыта отырып, олардың өмір тәжірибесіне деген құлшынысын арттыру арқылы адамгершілік санасының дұрыс қалыптасуына ықпал ететін болады. Заттық көрнекілік жазушының өмір жолын, шығармашылық ізденісін, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасын, оның танылу аймағын танытуды мақсат тұтады. Бұл көрнекілік жазушының әр кезде шыққан басылымдарын,қолтаңбаларын, архивтік құжаттарын, заттарын, жазушы шығармалары бойынша жасалған түрлі қойылыстарды, көріністерді, жазбаларды, мұражай дүниеліктерін қамтиды. Осыларды сабақта пайдалана отырып, оқушы бойында жазушы еңбегіне, өмір жолына деген құрметті, ілтипатты, ынталылықты, қызығушылықты арттырамыз.Жазушы қолтаңбасы былай қарағанда елеусіз нәрсе сияқты.Ал

оқу тәрбиесі үшін үлкен мәні бар. Бағдарлама бойынша өтіп отырған жазушы қолтаңбасының ата-аналардан, оқушылардан табылуы ерекшеқұбылыс. Ол қолтаңбаның жазылу тарихы, оның мәні, жазушы өмірінің елеусіздеу көрінетін бір кезеңін көрсете отырып, сол жазушының шығармашылық лабораториясының ізін байқау үшін ерекше мәні бар. Жазушы қалдырған қолтаңбаға байланысты кейін нендей шығарма туындады, онда сол ортаға байланысты не қамтылған, қалай көрсетіліп, қалай суреттелген, жазушы шығармасының жазылуына орта қалай ықпал еткен деген сияқты сұрауларға жауап іздей отырып, жазушы лабораториясының жасырын сырларын аңғаратын боламыз⁹.

Сүйтіп жазушының әрбір дүниесіне мән бере отырып, жазушылықтың қыр-сырын оқушыларға жан-жақты таныстыруға, білдіруге мүмкіндік аламыз.

Жазушы шығармаларының әр жылдардағы басылымдарын, ондағы өзгертулер мен толықтыруларды оқушыларға көрсете отырып, жазушы шеберлігін, тіл ұстартудағы жетістіктерін байқататын болсақ, жазушы пайдаланған заттарды, үй-ішілік дүниелерін көрсету арқылы оның адамдық, пенделік қарапайым өмір тіршілігімен таныстырамыз. Жазушы шығармаларының әлем тілдеріне аударылған туындыларымен оқушыларды таныстыру арқылы, олардың бойында мақтаныш сезімін қалыптастырамыз. Заттық көрнекіліктерге не жатады:

1. Баспадан шыққан әр кездегі шығармалары.
2. Жазушы қолтаңбалары(түрлі жазбалары)
3. Жазушы өмірін білуге көмектесетін, соған байланысты заттар(суреттер, құжаттар, үй мүліктері, өзі пайдаланған жазба құралдары т.б)

⁹ Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі Оқыту әдістемесі, Алматы, 2005 жыл.

4. Жазкшының әлем тілдеріндегі басылымдары
5. Отбасылық суреттері
6. Түрлі жазбалары, кино, теледидар көріністері
7. Жазушының дауысы, қойылымдарының үзінділері жазылған пластинкалар.

Заттық көрнекіліктерге қойылатын талаптар:

1. Ұсынылатын заттардың табиғилығы.
2. Заттардың нақтылығы, айқындылығы
3. Жазушы өміріне сәйкес келуі
4. Заттардың, қолтаңбалардың тарихилығы.

Келесі сызбалы көрнекілік. Бұл шығарма кейіпкерлерінің өзара қарым-қатынасын, байланысын, жүйесін, өмір жолының даму барысын, тілдік, портреттік сипаттамалары арқылы берілген мінез ерекшелігін, жазушының өмір жолымен туындыларының тарихи кезеңдермен сабақтастығын, әдеби құбылыстардың үндестігін, тамырластығын, жазушы өмір сүрген, оның туындылары жазылған географиялық аймақтарды көрсетуге, аңғартуға арналған сызба арқылы көрсетілген көрнекі құрал. Шығармадағы оқиға желісінің қазығы болып табылатын басты кейіпкердің іс-әрекеті, солар арқылы жазушы ойы, мақсаты, бағыты айқындалатыны белгілі. Осы бір мәселені көрнекі құралдар арқылы нақтылы сызбалармен көрсетіп, айқындай түспесек, кейде оқушы бұл туралы толық ұғым ала алмауы мүмкін. Сондай жағдайда сызбалы көрнекіліктің көмегі ерекше.

Сызбалы көрнекілікті шартты түрде үшке:

Схема

Таблица

Карта деп бөліп қарастыруымыз керек. Схемада тек адамдар кейіпкерлер тізбегі беріледі, олардың өзара байланысы, қатысы көрсетіледі (қосымша). Ал таблица жазушының өмір жолын, соған байланысты шығармаларын, олардың жыл мерзімдерімен, жеке кейіпкерлердің тілі, портреті арқылы мінездегі ерекшеліктерін көрсетуді мақсат тұтады. Карта жазушы жүріп өткен жолды, туындылары жазылған аймақты көрсетуге арналады. Сабақта схема, таблица, карта қолдану арқылы оқушының әдеби құбылысты, оның ішкі құбылысын толық түсінуіне жағдай жасау көзделеді. Сүйтіп сызбалы көрнекілікті құрал арқылы шығармадағы образдар жүйесін, жазушының өмірін, шығармашылығын тарихи кезеңдермен бірлігін, тіл ерекшеліктерін, мінез айырмашылықтарын, оның өмір сүрген ортасын, шығарманың жазылған аясын, әдеби байланыстар желісін, шығармалардың әлемге танылу аумағын көрсете аламыз. Оқушының көру қабілетіне, қабылдауына тікелей ықпал етеміз. Танымын кеңейтеміз.

Суретті-түсіндірмелі көрнекілік. Бұл көрнекі құрал тек көрнекілік қызмет атқарып қоймайды, сонымен бірге өнердің бірлігін, сабақтастығында танытуға септігін тигізеді. Мұнда сурет туындылары жалаң алынып қоймастан, әдеби шығармалармен бірлікте алына отырылып, осы екі өнердің туфстас қасиетімен бірге өнер тілдерінің өзіндік даралықтары да барлығын, әрқайсысы құбылысты өзінше пайымдап, өзінше көркемдеп бейнелейтіндігін оқушы түсініп, ұғынатын, саралап танитын болады. Портрет, плакат, иллюстрация тілі – өзіндік дара тіл. Олар бояу арқылы сөйлеп, өрнек тудырады, көркем бейне жасайды¹⁰. Өнердің бұл туындылары бір жағынан көркем шығармалармен сабақтасып, байланысып, ерекше бір жүйе түзетіні де болады. Суретті – түсіндірмелі көрнекі құралды қолдану үстінде осындай бірлік тұтастығын оқушыға сездіре отырып, олардың эстетикалық сезімі мен танымының дамуына ықпал ететін боламыз. Бір мезет Абай бейнесі□деген көрнекілікке назар салып көрейікші. Мұнда ұлы тұлға Абайдың Азамат-ақын□болып қалыптасуына дейін өткен жолы, соған алып келген кезеңді

¹⁰ Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. А., - 1999

оқиғалар сурет тілімен жүйеге келтіріліп берілген. Сол ақын өткен жолдың әрқайсысы романда көркем тілмен шебер бейнелене отырылып, Абайдың өсу жолы, өмірлік асулары сан қырынан көрсетіліп тұтастық құраған. Соны көркем бейнелеудегі суретші мен жазушы үндестігі, сарындастығы неде? Суреткерлердің өзіндік, даралық ерекше табыстары қандай? Деген сұрақтарға оқушылар жауап іздейтін, өзінше ой түйіп, пайымдайтын, талдап түсінетін болады. Мұндай салыстырмалы ой әрекетін ұйымдастыру оқушы тарапынан белсенді танымдық әрекеттің қалыптасуына мүмкіндік тудырады. Бұдан бөлек Құнанбай бейнесі □ деген көрнекі құралда суретпен қоса соған сай мәтін беріле отырылып түзілген. Мұндағы мақсат мәтін мен суреттеу арасындағы сәйкестік пен айырмашылықты аңғарта отырып, әр өнердің өзіндік бейнелеу тәсілі барлығын, әрбір суреткер сол заңдылыққа бағынатынын байқатуды ойластырудан туған. Міне суретті-түсіндірмелі көрнекілікті сабақта әдеби шығармаларды оқытып талдау үстінде қолдану арқылы оқушылардың тек тыңдаушы болып қалмай, сол материалды терең талдай түсінуге белсенді қатысуын, тікелей араласуын қамтамасыз етеміз. Сөйтіп суретті-түсіндірмелі көрнекілік сабақ материалын түсінуде ғана қызмет атқарып қоймайды. Сонымен бірге танымдық роль атқарады, яғни біріншіден, материалды дұрыс түсінуге көмектессе, екіншіден, өнердің өзара байланысын аңғаруға жәрдем етеді, үшіншіден өнердің басқа салаларынан да мәлімет беруге мүмкіндік тудырады.

Бұл көрнекі құралдарға қойылатын талаптар:

1. Көрнекі құралдағы суреттер, жазулар класс оқушыларына толық көрінетін болуы керек.
2. Әрбір көрнекі құрал өтілетін тақырыпқа арналған, соның мазмұнын ашатын болуы тиіс.
3. Көрнекі құрал тартымды безендірілген, бояулары айқын болғаны жөн.
4. Көрнекі құралға оқушы назарын ерекше аудартуға арналған мәтін, сурет ерекше бояумен берілуі керек.
5. Бір сабақта 1 не 2 ғана көрнекі құрал қолданылуы тиіс.

6. Көрнекі құралда бір мәселенің қайталануынан сақ болуы керек.
 7. Көрнекі құралда жүйеліліктің, хронологиялық реттің сақталуын қатты қадағалау.
 8. Көрнекі құралда берілетін әрбір мысал тексерілген, дау тудырмайтын, түсінікті, өтіліп отырылған материалды дәлелдеуге көмектесетін болуы керек.
 9. Мүмкіндігінше көрнекі құрал өтілейін деп отырған материалды толық қамтитындай болғаны жөн.
 10. Көрнекі құралды класта пайдаланғанда уақыт көп кетпейтігіндей етіп жасау, (іліп қою, алу, қайта пайдалану)
- Көрнекілікті даярлау, пайдалану кезінде басшылыққа алатын негізгі ұстанымдар:
- Өтілейін деп отырылған материалды оқушылардың жеңіл меңгерілуіне ықпал, көмек ететін болуы керек.
- Оқушылардың ынтасын, қызығуын, белсенділігін арттыратын болуы тиіс.
- Оқушының материалды есінде, жадында дұрыс сақтауына мүмкіндік жасайтын болуы керек.
- Оқушының байқау, бақылау, көру сезімін жетілдіруге жәрдем ететін болуы тиіс.
- Оқушының ойлау қабілетін танымын дамытатын болуы керек.
- Оқушылардың әрбір өткен материалды талдай, саралай білуіне, тақырып ішіндегі қосалқы материалды, негізгі ойды ажырата алуына көмектесуі керек.
- Оқушының өздігінен дербес жұмыс істей білу әрекетіне қозғау салып, жол көрсетуі.
- Көрнекі құрал оқушыны шығармашылықпен ойлануға жетелейтін болуы тиіс.

2.ТАРАУ. Әдебиет пәнін оқытуда техникалық құралдарды пайдаланудың дидактикалық принциптері

Оқу процесін жетілдіру, оның тиімділігін арттыру мәселесі оқыту мен тәрбиелеуге жаңаша неғұрлым кең тұрғыдан қарауды талап етіп отыр. Осыдан келіп қазіргі мектептердің алдына білім беру құрылымын жетілдіру, жалпы білім еңбек және кәсіптік жаярлық сапасын едәуір арттыру оқытудың белсенді формалары мен әдістерін техникалық құралдарын неғұрлым кеңінен қолдану мәселесі ерекше қойылып отыр.

Оқу процесін жетілдіру қоғам талабынан келіп туындайтын ғылымның даму дәрежесіне содан келіп шығатын оқу материялының мазмұнына оның көлеміне оны оқытудың уақыт мөлшеріне прогрпммалық материялдарды тез де жеңіл меңгеруге мүмкіндік беретін көмекші құралдардың сапасына осы пәнді оқытатын мамандардың даярлық дәрежесіне тікелей байланысты болып табылады. Бұлардың әрқайсысының оқу процесін жетілдіруде өзіндік орны бар.олардың бәрін жоғары бәрән төмен қойып қараудан болмайды сондай-ақ бірімен бірін ауыстыруға да болмайды. Олардың ішінде қазіргі кезеңде оқу процесін жетілдіруде техникалық құралдарды тиымды пайдаланудың орны ерекше екенін естен шығармауымыз керек.

Бұл техникалық құралдардың процесіндегі орнының күн санап молая түсетіндігін сол үшін оны оқу процесінде қолданудың методикасын жасап жетілдірудің керек екендігін осыдан оның мектеп практикасындағы қажеттілігі деген мәселе келіп туатындығын көрсетеді¹¹.

Оқушыларға көркемдік білім беру арқылы олардың әсемдік сезімін дамытуда зор танымдық және тәрбиелік күші бар әдебиет пәнін оқытуда техникалық құралдарды қолданудың мәні арта түспек. Сондықтан мұны қолданудың дидактикалық принциптерін, оларға қойылатын педагогикалық талаптарды мұғалімдер білгенде ғана оның тиімділігі артпақ.

¹¹ Жұмажанова Т.Қ. Қазақ әдебиетінен оқу-әдістемелік күнтізбелік жоспары. 6-7 сынып. А., 2003.

Қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытуда техникалық құралдың мынандай түрлерін пайдаланған жөн. (Бұл шартты түрде беріліп отыр.Қазіргі техникалық прогресс дәуірінде техникалық құралдардың жаңа, жетілген түрлері көптен шығарылуда. Олар жаңа аппараттармен тола бермекші.

Кабинетте болуға тиісті құралдар:

Бейнепроектор	-1
Компьютер	-1
ЛЭТИ	-1
Интерактивті тақта	-1
Дивиди	-1
Телевизор	-1
Киноаппарат	-1
Видеомагнитофон	-1
Радиоқабылдағыш	-1
Ойнатқыш(проигрыватель)	-1
Фотоаппарат	-1

Бұл құралдарды екі топқа бөле: 1.Экрандық және 2. Дыбыстық деп қарастырған жөн болады.

Экрандық техникалық құралдар: Бұған киноаппарат, эпидиаскоп, кодоскоп, ЛЭТИ, протон, свитязь, фильмоскоп т.б. жатады. Бұлар негізінен шағын көрнекті материалдарды(суреттерді, схема, таблицаларды) экранға түсіру арқылы сабақ мазмұнына байланысты қажетті қосалқы материалдарды көрсетуге арналған. Сол материалдарға оқушы назарын толық аудара отырып, талдап қорытынды жасауға мүмкіндік алатын боламыз.

Осы техникалық құралдар арқылы көрсетілетін көрнекіліктер, олардың түрі қандай болмақ? Бұл арада ескере кететін бір нәрсе қазақ әдебиетінен жасалған көрнекіліктің тапшылығы. Мұны, көбінесе, мұғалімнің, өзі жасауға, даярлауға тура келеді.

Көркем сөз шеберлерінің өмір жолын, творчествосын оқыту үстінде қолданылатын, пайдаланылатын әртүрлі суреттер Абай өмірін өткенде,

Шоқан туралы баяндағанда т.б. жазушылар туралы да соларға байланысты суреттерді ретімен көрсетуге тура келеді. Абай суреті туған өлке көрінісі, Абай замандастары, Абай туыстары, Абай шәкірттері, Абай қолтаңбасы, Абай басылымдары, Абай жүрген географиялық аймақ, оның қазіргі кезі, Абай ескерткіштері, музейі, Абай атына байланысты жер-су, мекен аттары оқушыларды қызықтыратын болады.

Сондықтан мұғалім материал мазмұнын түсіндіру, талдау үстінде мұндай суреттерді пайдалануына тура келеді. Ондай материалдарды баяндау барысында ретімен, тиімді жерінде, жүйесін сақтай отырып пайдаланғанда, көрсеткенде ғана тиімді пайда келтірмек. Сонымен қатар мұндай материалды қолданғанда суреттердің барлығының көлемі жағынан бірдей, бояулы, көркем болуын қадағалауымыз керек.

Жазушыға байланысты қандай бір суретті пайдаланбайық, оның білімділік, тәрбиелік жағына ерекше мән беруіміз керек. Мысалы, Сәкен портретін оқушыларға көрсеткенде оның бойынан байқалатын мөлдір сұлулықты, адамгершілік зор тұлғаны, сезім тазалығы мен тамаша ерлік қасиетті, тәкаппарлықты, өзіне, халқына, табына деген зор сенімді, сонымен бірге қарапайымдылықты, нәзіктікті, сыпайылықты көрсете білуіміз керек. Жазушы суретін осындай қасиетті оқушылардың сезінуіне түрткі боларлық, оның творчестволық еңбектерін мол материалдарды тауып кеңінен пайдаланғанымыз жөн.

Бұл жерде Сәкен жайында жазылған М.О.Әуезов пен С. Мұқановтың сипаттамасын мысалға келтіруге болады.

Сәкен туралы «Тәкәппар жазушы» деген мақаласында М.О.Әуезов «Адамның шын мүсінін көрсететін, өз басын өзгеден кем емеспін, теңмін» деген сенім, санаға жеткізетін қадірлі сипат тәкаппарлық, «Күш-қуат ой-сезім істегі нәр атауларының барлығын қуаныш пен күйініш, қиналу мен тебірену араларында, жалындай жайнап ортаға салған жылдар». Сәкеннің бойына тән қасиеттер екенін көрсете отырып, оның жан дүниесін» Тұтас білімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер... сүюі мен

ашуы, ырзалығы мен наразылығы, үміті мен күдігі әрқашан барынша шын сезімнің толқыны боп бөлінеді»- деп көрсетсе, С.Мұқанов Сәкен портретін» Қыраусыз қап-қара қалың қасы, қою ұзын мұрты өзі сұлу ажарын шешіп тұр. Томпақ кара көздерін одан да сұлуландыра түсейін дегендей, біреумен сөйлескендей ұзын кірпіктерін жиіліте қағып, көзін бәлкім күлімдете, бәлкім ойнақтата қарайды... Қап-қара шашы толқындана біткен. Әсіресе маңдай алдының шашы сол жағынан бұйралана қайқайып барып, үйірілген ұшы кейін қарай қайта жығылады. Денесі таразы, саусақтары ұзын....» деп суреттейді.

Немесе ақынның өз творчествосы:

Ботагөз сахарада қына терген,

Кім екен жапан түзде сені көрген?

Аяныш сезімі жоқ бір қазақ-ау

Дәл көздеп жүрегіңе атқан мерген!

Кеңсің дала-

Туған ана,

Көйлегің кең көк ала.

Жан беретін

Тән беретін,

Мейірімді ана сен ғана- деген суреткердің аяушылық, адамгершілік сезімін, Отанұлы өз өлкесін қалай сүю керектігін көрсететін жолдар. Мұндай мысалдарды сабақ мазмұнына, мақсатына байланысты көптеп келтіруге иболады. Қай шығарманы қай кезде, қалай пайдалану мұғалім шеберлігіне тікелей байланысты болмақ.

Мұндағы келтірілген үзінділер Сәкеннің кім екенін көрсететін, оқушыларды осындай қасиетке ие болуға тәрбиелейтін жолдар. Сөйтіп жазушы портреті, творчествосы арқылы оқушыны сол өнер қайраткерінің кескін-келбетін, бар-болмысын, адамгершілік парасаттылығын, табиғи дарындылығын, ішкі, тысқы жан дүниесін танып, оқи білуге үйретеміз. Жазушы портретін сабақ үстінде пайдаланғанда, оны оқушыларға

көрсеткенде, біріншіден, жазушы портретін, суреттемелерін тілге тиек ете отырып немесе оқушылардың өзіне таптыра отырып, жазушы портреті арқылы оның творчестволық өмір жолын түсінуіне мүмкіндік беретін боламыз. Екіншіден, жазушының өз творчествосынан үзінді келтіру арқылы оның идеялын, ұстанған бағыт-бағдарын, нысанасын, оның өмірді тану, бағалау принциптерін, замандастарының бағасымен үндестігін аңғартуға мүмкіндік жасаймыз. Оқушының танымын арттырамыз. Жазушы портретіне тек сурет деп қарамай, оны жазушы өмір жолын, творчествосын түсінуге мүмкіндік беретін жағдай жасауымыз керек. Одан оқушы жазушы тұлғасын, адамгершілік пен парасаттылықты, өршіл ерлік пен өмірге деген құштарлықты түсініп, ұғына алатын болады.

Жазушының туған өлкесін, өскен ортасын, творчество қайраткерлерімен қарым-қатынасын білдіретін, көрсететін суреттерін, қолтаңбаларын пайдаланғанда да осы тұрғыдан келе отырып түсіндіруіміз керек.

Мұндай суреттерді эндиаскоптың жәрдемімен, егер диапозитивке, диафильмге түсірілген болса, ЛЭТИ, протон,Свитяз арқылы көрсетуге болады.

2.Жазушы туындыларын оқыту барысында оқу таблицаларын қолданатын боламыз. Бұл оқылып отырылған материалды қажетті детальдарға бөле отырып, принципті, керекті мәселелерді айқындап, саралап, жіктеп, нақтылап көрсету үшін қажет.

Бұған жазушы өмірбаянын дәуір кезеңдерімен салыстыра отырып суреттеуге, баяндауға мүмкіндік беретін таблица шығармадағы кейіпкерлердің ара қатынасын, өзара байланысын, тіл даралығын, портрет ерекшелігін көрсететін т.б. таблицалар жатады. Бұларды кодоскоп арқылы көрсетуге болады.

Иллюстрациялық таблица. Өнердің көркем туындыларын салыстыра отырып, талдап түсіндіруде, олардың өзара жақындығын, өнер туындысы ретіндегі өзіндік, даралық ерекшелігін, өзара қатынасын, бірлігін көрсету, байқату көзделеді. Педагогикалық тұрғыдан алғанда оқу таблицасы бейнелеу

өнерінің шығармасына жататындықтан оқушылардың сезіміне ерекше әсер ете отырып, оқу материалын жақсы қабылдауға мүмкіндік береді. Сондықтан оқу таблицасын жасауға ерекше мән беруіміз керек. Ол тек, біріншіден, көрсетейін деп отырған объектісін жоғары сапалықпен, оның қажетті детальдарымен бөлшектерін жан-жақты көрсете білетін болғанда ғана, екіншіден, оны сабақтың белгілі бөлігінде үйлесімді пайдалануға мүмкіндік беретін болғандағана тиімді. Иллюстрациялық таблица өнер шығармаларын салыстыра отырып талдауға, олардың қзіндік ерекшелігі мен өзара жақындығын аңғартуға, өнер туындыларын танып, оқи білуге үйретеді. Өнер шеберлерінің құбылысты берудегі өзіне ғана тән ерекшелігін және оқушылардың өнер тілін ұғынуға жағдай жасайды. Иллюстрациялық таблицада көрсетілген өнер түрлерін оқушылардың дұрыс талдауына мүмкіндік беру үшін, арнайы тапсырма-сұрақтар қоя отырып оқушылардың өз пікірлерінің ауызша да жазбаша баяндауына мүмкіндік жасап отыруымыз керек. Әдебиет пәніне арналған Жамбыл, Абай, Мұхтар, Сәбит творчестволарына арнайы жасалған иллюстрациялық таблицаларды сабаққа пайдаланғанда жоғарғы айтылған ойларды ескеруіміз керек.

Мұны диапозитивке, диафильмге түсіріп алып, ЛЭТИ, протон арқылы көрсетуге болады.

4. Диапозитив. Кей таблицаларда көрсетуге мүмкіндік бола бермейтін кейбір детальдарды, бөлшектерді толық қамти отырып, жеке кадрларға бөліп, жүйелі сериямен беруге болады. Бұл құбылыс-қозғалыстың логикалық байланысын сақтауға мүмкіндік жасайды. Мұны протон, свитяз арқылы беруге болады. Бұл техникалық құралдармен көріністі ұзақ ұстай отырып түсіндіруге, қайталап беруге мүмкіндік жасайды.

5. Диафильм. Қазақ әдебиетіне байланысты жасалған біраз диафильмдер бар. Олар жазушы өмірін немесе жеке шығарма мазмұнын ашып беруге арналған. Диафильмнің ерекшелігі көріністің, құбылыстың логикалық байланысын сақтай отырып, қимыл үстінде көрсету. Оның диапозитивтен айырмашылығы мұғалім сөзін иллюстрациялауға бағытталған жеке

кадрлардан ғана тұрмастан, материалдың мазмұнын жүйелі баяндауға мүмкіндік беретін іштей байланысты кадрлардан тұратындығы.

Оқу материалын түсіндіру үстінде зерттеліп отырған құбылысты оның даму барысын сипаттайтын бірнеше көріністерді көрсету керек болған жағдайда диафильмді пайдалануымыз керек.

Оқу материалын түсіндіруде бір не екі кезеңді көрсету керек болғанда диапозитивті, зерттеп отырған құбылыстың барлық көрінісін, оның кезеңдерін көрсету керек болған жағдайда оқу кинофильмінен алып, диафильм құрастыруға болады.

Кинофильм жылдамдығы оқушылардың қай материалдарды толық, терең көлемде қабылдауына, ұғып қалдыруына қиындық тудырады. Сондай жағдайда оны талдап түсіндіру үшін және кей құбылыстарды қайталап бере отырып, талдау жасауымызға диафильм мол мүмкіндік береді. Диафильм арқылы оқушылардың тілін дамытуға, сөз байлығын молайтуға мүмкіндік аламыз.

Оқушы образ бейнесін қабылдай отырып, оның сөздік бейнесін беруге көшу арқылы тілі дамиды.

Бейнеден сөзге көшу яғни адамның тілі мен ойлауын қамтитын бірінші сигналдық системадан екінші сигналдық системаға көшу, тіл мен ойдың дамуына мүмкіндік беретін білім беру жүйесін басқарудың тиімді жолы болып табылады. Әдебиет пәнінде мұның ерекше мәні бар. Құбылысты суреттей отырып, баяндап беру тіл байлығын молайтуға жағдай жасайды.

6. кинофильммен телевизия. Кинофильм мен телевизия оқып отырған құбылысты жан-жақты өйимыл үстінде, үзілісшіз, өзгеріс үстінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Қозғалмалық қимылдық дегенді тек оқып отырылған құбылыс қимылын, қозғалысын ғана көрсету деп түсінуге болмайды. Ол таным қозғалылысын, логикалық қозғалысты, ой қозғалысын көрсету деп біліуіміз керек.

Ақын-жазушылардың творчествосын оқып үйренуде суреткер өмір сүрген дәуір сипатын көрсетіп қана қоймайды, оның творчестволық жолын, образдардың туу процесін, жұмыс мәнерін, творчествоның тарихи дәуірі мен байланысын көрсетеді. Сондықтан жазушы шығармасын экранда ғана жазушы творчествосын білімділікпен, шеберлікпен жүргізіп, оның тектінде құрметпен қарай білгенде ғана баға жетпес нәтиже бермек¹².

Қазіргі кезде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің өмірі, творчествосы жайында жасалған кино, теледидар шығармалары бір шама бар. Сәкен, Илияс, Бейімбет, Мұхтар, Сабит, Ғабиден, Ғабит жайында жасалған кино, теледидар туындылары сабақ мазмұнын қызықты өткізуге тиімді пайдаланып, ол көріністердің әр қайсысы өзіндік ерекшеліктерімен дидаралынатынын білдіруіміз керек. Сондықтан оның кей бірінде тарихи документтеріне шығарма тарихына, олардың өмір тыныштығының рөліне басқа назар аударып, кейбіріндегі жазушы идеалын айқындауға баса назар аударып сқхбаттастыққа үлкен орын береміз. Мұндай материалдарды сабақта пайдалану үшін мұғалімнің материал мазмұнымен толық таныс болып онда оқушылардың назарын неге аударуға болатындығын алдын ала жоспарлап алғанын оқушы орындайтын тапсырмаларды алдын ала белгілеп алғаны жөн.

Сонымен бірге қазақ жазушыларының кейбір туындылары экрандалып жүр. Бұған. Б. Майлиннің «Қыр әңгімелері» т.б. шығармалары, М.О. Әуезовтың, С. Мұқановтың туындылары, ауыз әдебиетінің кейбір жырлары жатады. Оларды экрандаудың жетістіктері мен кемшіліктері барын ескергеніміз жөн. Сондықтан мұндай экрандалған шығармаларды оқушыларға ұсынудан бұрын мұғалім өзінің сол шығармаға деген қатынасын айқындап алғаны дұрыс. Шығарманы экрандаған автордың ойын, мақсатын, оның туындысының түп нұсқасымен сарындастығы, өзгерісін, оның шешімінің дұрыс, бұрыстығын мұғалім оқушыларға нанымды түрде жеткізе

¹² Қараев Ж. Ешеева Ж. Программалап оқыту және оның компьютерді оқытуға пайдалану мен байланысы. – А. 1991.

білуі тиіс. Сонымен қатар бұлардың ойлануына мүмкіндік жасап отыруымыз керек.

Сонымен оқу кинофильмі, оқу теледидары көрнекті құралдың ерекше түрі болып табылады. Педагогикалық міндеттерді шешу үшін тек кино мен телевидениенің техникасын пайдаланып қоймай, өнердің бір түрі ретінде, суреттеушілік мүмкіндігінде пайдалануымыз керек. Фильм мен телевизия берілісі материалдың логикалық мазмұндалуы арқылы, сезімге әсер етер бояуы арқылы оқушыға ықпал ететін болады.

Оқу фильмі мен телевизия берілісін көрсету, тыңдату оқу процесінің бір жағы ғана. Оның екінші жағы мұғалім мен оқушының бірлескен жұмысын жүзеге асыру болып табылады. Кинофильм мен телевидения берілісінің тиімділігі мұғалімнің оны материалымен тиімді үйлестіре білуіне тікелей байланысты болмақ.

Кинофильм мен теледидарды оқу процесінде қандай жағдайда пайдалануға болады:

1. Оқу материалы оқушылардың меңгеруіне күрделі, қиын болғанда.
2. Жай көрнекті құралдарды пайдалану тиімділікке, түсініктілікке жеткізбеген жағдайда.
3. Оқылып отырылған процесті қозғалыс, қимыл үстінде көрсету қажет болғанда.
4. Оқушы қабылдауына өнердің экрандық туындысы ықпал ету қажет болған жағдайда.
5. Оқу материалы үшін тарихи, документальды материалдар қажет болған жағдайда.

Кинофильм мен теледидардың өзіндік ерекшелігі мен бірлігі қандай?

Оқу кинофильмі теледидарға қарағанда оралымды, икемді, жылжымалы, өйткені мұғалім оқу кинофильмін пайдалану үстінде сабақ жоспарын, оқу материалын, баяндау методикасын өзі таңдап алады. Теледидар берілісінде мұны автор айқындайды. Мұндай жағдайда мұғалімге басқаның

методикасына бейімделуге тура келіп, оның творчестволық мүмкіндігіне тұсау жасайды.

Кинофильмнің көмегімен оқу материалын баяндай отырып, мұғалім оның үзіндісін немесе тұтас бір бөлігін көрсетуге әр уақытта мүмкіндігі бар. Бұл теледидар берілісінде мүмкін емес. Өйткені ол аяқталған сабақ элементі болып табылады. Сондықтан оны қысқарту, қайта қарау мүмкін емес.

Оқулық теледидар берілісінде кейбір көріністерді қысқартуға немесе материалды қысқаша пайдалануға болмайды, өйткені мұнда бұрыннан даярланған кино материалдар ғана пайдаланылады. Осыған қарамастан оқулық теледидар берілісінің өзіндік тиімділігі бар екенін ескеруіміз керек.

Теледидарда, көбінесе, күнделікті, ағымдағы оқиғалардың материалдары қолданылады.

Оқу программасына жаңа қосылған материал баяндалып, оның методикасы беріледі.

Белгілі материалдарды беру арқылы оқушылардың көру сезіміне әсер етуді көздейді.

Көркем шығармаларды оқудың, оқулықты талдаудың үлгісін бере отырып, оқушылардың соған еліктеуіне жағдай жасайды.

Үй тапсырмасын орындауда оқушыларға таптырмас көмек көрсетеді.

Қорыта келгенде теледидарды қай кезде пайдалануға болады:

Жақында өткен немесе өтіп жатқан оқиғалар қазіргі кездегі өтіп жатқан оқу материалын мазмұндауға байланысты болғанда.

Оқу программасына жаңадан енген материалды түсіндіру үшін.

Материал мазмұнын түсіндіруде оқушылардың көру сезіміне әсер ету қажет болғанда.

Оқу кинофильмдерін демонстрациялау үшін.

Оқушылардың үй тапсырмасын орындауына көмек көрсету үшін.

Жалпы алғанда сабақта, көбінесе, киноны, сабақтан тыс уақытта оқушылардың білімін бекіту, кеңейту үшін теледидарды кеңінен пайдалануға болады.

Дыбыстық техникалық құралдар.

Дыбыстық құралдардың көптігіне қарамастан, олар негізінен, оқу процесінде екі міндетті шешетін болады.

Арнайы жазбаларды, дикторды, көркем сөз шеберлерін, тарихи қоғам қайраткерлерінің сөздерін тыңдауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың, мұғалімнің өз сөздерін жазуға, оны талдауға мүмкіндік жасайды.

Бірінші міндетті шешу үшін оқу мәліметін дыбыс құралы арқылы беру көзделгенде грампластинка, радио берілісі, арнайы жасалған оқу кинофильмі, теледидар берілісі қолданылады. Мұнда суреттеу, бейнелеу көмекші міндет атқарады.

Екінші міндетті шешу үшін дыбыстық құрал магниттік лента қолданылады. Бұл белгілі бір берілістерді жазып алып, оқу процесінде қолдануға мүмкіндік жасайды.

Енді педагогикалық тиімділікке жеткізетін дыбыстық құралдарды қарастырайық.

Радио белгісі. Бұл сөз арқылы жан-жақты талданып берілетін оқу материалдарын түсіндіруде тиімді болмақ. Осы арқылы сабақты жандандыруға, оның барысына жаңалықтар ендіруге, мазмұндау дәрежесінің эмоциональдық дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді. Әдебиет пәнінде радио берілісінің жазбасын кіріспе, қорытынды сабақтарда, жазушының өмір жолын әңгімелегенде не шолу лекцияларының алдында, кей көркем шығармалар мазмұнын талдауға кірісер кезінде пайдалануға болады. Ал текст талдауда аз қолданылады.

Кіріспе сабақтың мақсаты тақырыпты дұрыс қабылдауға оқушы назарын аудара отырып, оларды, жазушының сөзіне, оның өмірі мен творчествосына деген ынтасын қозғауға әсер ету екені белгілі.

Мұндай жағдайда жазушы шығармасын көркем сөз шеберлерінің орындауында тыңдатудан бастауымыз керек. Бұған Б.Майлин шығармалары жайында жасалған радио берілістерді мысалға келтіруге болады.(Бізде

көркем шығармалардан жасалған талай тамаша радио берілістері бар. Оны әркез жазып алып, жинақтап жүруіміз керек) Оқушыға мұндай берілістерді тыңдатып қана қоймастан, соған байланысты арнайы тапсырма орындауын қадағалап отыруымыз керек.

Мысалы, «Қазір Б.Майлиннің «Түйебай» әңгімесін көркем сөз оқу шеберінің орындауында тыңдай отырып, мына сұрақтарға жауап беруге көңіл бөлейік» - деп, мынандай тапсырма-сұрақтарды тақтаға алдын ала жазып қоюымызға болады:

Әңгіме неге «Түйебай» деп аталған.

Әңгіме қай кездегі оқиғаны баяндайды.

Әңгіме көркем сөз оқу шеберінің орындауында саған қалай әсер етті? Неге олай ойлайсындар?

Әңгімені кім солай оқи алады? Әңгімені сазына келтіре оқу, оның мазмұнын, идеясын, тақырыбын толық түсінуге мүмкіндік бере ме екен?

Әңгімені оқу барысында оның көріністерін көз алдарыңа қалай елестете алдыңдар? Ауызша суретін салыңдар.

Радиоберілісті тыңдау үстінде класс оқушыларының ынтасы, назары неге бағытталғанын бақылай отырып, олардың негізгі ойын тақырыпты дұрыс ашып, мазмұндай білуге аударуымыз керек. Кейде кіріспе сабақта жазушыға арналған радиofilmді пайдалануымызға да болады.

Бұл оқушылардың эмоционалды көңіл-күйін қалыптастыруға жағдай жасап қана қоймайды, жазушы бейнесін жандандыра отырып, оның жеке басына, творчествосына деген қызығушылықты арттырады. Шығарманың негізгі идеясын тез де тиімді түсінуіне жағдай жасайды.

Мектепте әдебиет пәнін оқытудың ең басты элементі ақын-жазушылардың өмірін, оның творчестволық жолын таныстыру болып табылады. Жазушы биографиясымен жұмыс істеудің танымдық мәні бар. Бұл арқылы жазушы шығармаларын түсінуге алғы шарт жасай отырып, сол арқылы оқушылардың дүниетанымын, мінезін қалыптастыратын боламыз. Жазушы еңбегі оқушыға көп нәрсені үйретеді. Өйткені оның өмір тарихы-ерліктің

тарихы, қайырымдылықтың, қажырлылықтың, қайсарлықтың, керемет таң қаларлық күш жігерліліктің, мақсаттылықтың тарихы. Сонымен бірге жазушының өмірлік, творчестволық жолын баяндауда радио арқылы берілетін лекция-монтажды пайдалануға болады. (Мұны мектепте радиоберілістен құрастырып алуымызға болады.).

Лекция монтаж жазушы шығармасынан, замандастарының ерліктерінен, хаттарынан жазушы жайында жасалған белгілі ғалымдардың лекцияларынан, жазушы шығармаларынан, қойылған әртүрлі инсценировкалардан және үзінділерді, жазушы дауысын, музыкалық жазбаларды қамтуы мүмкін.

Кейде жазушы жайында әңгімелей отырып, тек ғалымдардың оқыған радиолекцияларынан үзінді ғана пайдалануға болады. Бұл оқушыларды ғылыми-көпшілік лекцияларды тыңдауға үйретеді. Оның тілдік ерекшелігін байқауға мүмкіндік бере отырып, мұғалім әңгімелеуінен өзіндік ерекшелігі барлығын аңғаратын болады. Сөйтіп мұғалім баяндауын молайта түседі.

2.1. Заманға сай техникалық құралдарды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану – мұғалім жетістігіне апаратын тиімді жол.

Қазақ тілі-мемлекеттік тіл. Сондықтан да орыс тілді мектептерде жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым – қатынас біліктілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда қазақ тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы.

Қазір білім саласында оқытудың жаңа технологиясы кеңінен қолданылуда. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте – мөте қажет» деп, ел Президенті атап көрсеткендей, электронды оқыту әдіс – тәсілдерін мектеп өміріне енгізу – жаңа білім берудің бірден – бір шарты.

Оқыту технологиясы – бұл, бір жағынан, оқу – ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс - тәсілдерінің жиынтығы, екінші жағынан, ұстаздың шәкіртіне оқыту үрдісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері. Оқытудың мазмұны мен оқыту әдістері өзара тығыз байланыста болу керек. Ұстаздың педагогтік шеберлігі оның керекті мазмұнды, бағдарламадағы материалды іріктей алуымен және оны оқытудың озық әдістерін пайдалана отырып қолданумен белгіленеді¹³.

Қазақ тілін оқыту – ең маңызды іс. Әрі жиырма бірінші ғасыр есігін ашқан қазіргі таңда мектепке, мұғалімдерге үлкен талаптар жүктеліп отыр.

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Елбасымыз Н.Назарбаев «Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады» деп

¹³ Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы , оқушыны дамыту. Құрал ретінде, Алматы 2002 жыл.

атап көрсетті. Әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс – тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек. Соның бірі – ақпараттық технология.

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық – технологиялық құралдардың жиынтығы.

Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 – бап, 7 – тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған.

Сабақ барысында компьютерді қолданудың жақсы жақтары:

1. Түрлі – түсті иллюстрациялар, ұлттық музыка, анимациялар есте сақтау процесі үшін тиімді.
2. Әр сабақта сөйлеу әрекетінің төрт түрі де қолданылады: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым.
3. Әр сабақ төмендегілерді қамтиды:
 - а) компьютермен үзіліссіз тілдік қарым – қатынас;
 - ә) бірнеше рет тыңдау мен оқып – білген материалды қайталаудың арқасында дағдыларды машықтандырғанға дейін меңгертіледі.
4. Компьютер оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырады.
5. Оқушымен жекелей жұмысты іске асырады.
6. Компьютер оқытудың аудио және бейне құралдардың мүмкіндіктерін табысты байланыстырады.

Мектебімізде ақпараттық технология кеңінен қолданылады. Ең бастысы әр мұғалім мониторинг жүргізу негіздерін білуі керек.

Мониторинг – маңызды аспектілер бойынша мәліметтер жинаудың жүйелі және реттелген процедурасы.

Педагогикалық мониторинг – педагогикалық жүйенің қызметін бақылап отыру үшін қажетті ақпараттарды жинау, сақтау, және өңдеуді ұйымдастырудың түрі.

Мониторингті өткізу уақыт кезеңдері:

- Айлық бақылау (тест, диктанттар, бақылау жұмыстары, шығарма, мазмұндама);
- Тоқсандық бақылау;
- Сыныптың орташа ұпайын анықтау;
- Мәліметтер негізінде мониторинг графигін жасау;
- Мұғалімдердің мониторинг нәтижесін талдау және ӘБ отырысында нақты шешімдер қабылдау.

Үлгі ретінде мониторинг түрін ұсынамын:

Салыстыруға болады:

1. Бір мұғалімнің әр параллельдегі жұмысының нәтижелілігі.
2. Бір сыныптағы оқушылардың білім деңгейінің өсуі.
3. 7 А және 7 Б сыныптарындағы білім деңгейінің өсуі.
4. 7 А және 7 Б сыныптарындағы білім сапасы дәрежесін салыстыру.

Қазақ тілі пәні мұғалімдеріне мониторингті пайдалану не береді?

1. Біз кез келген кезеңде кез келген сыныпта оқу процесінің барысы туралы нақты мәліметті біле аламыз.
2. Салыстырмалы мониторинг оқу жылы бойында білім сапасының өзгеруіне ықпал ететін шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.
3. Мұғалім үшін оқу әрекетіне диагностика жасап отыру нормаға айналады: өз жұмысының жыл бойындағы тиімділігіне және әріптестерінің жетістіктерімен салыстырғандағы тиімділігіне.
4. Өзін - өзі жетілдіруге, сабақ үрдісін ұйымдастырудың тиімді түрлерін іздеуге деген қажеттілік туады.

Оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары тұлғада жекеленген пәндік білімдерді емес, интеграцияланған білімдерді қалыптастыруға бейім. Сондай нәтижеге жетудің бір әдісі – интеграциялық оқыту. Ал тіл пәндерінің рөлі елімізде күннен – күнге артып келеді

Интеграция – бірнеше бөлшектердің бірігуі деген ұғым. Яғни интеграциялап оқытуда – барлық тіл пәндері бір ортақ, бүтін зат ретінде саналып, базалық оқытудың бөлінбес бір компоненті болып қаралуы керек. Өйткені оқыту мақсаты бір:

1. Өнімді көптілділікті қалыптастыру;
2. Түрлі тілдерді меңгеруде ортақ әдіс, ортақ тақырып, ортақ міндет, ортақ принциптің болуы.

Осы тіл блогының бірлігі оқушының сөйлеу қабілетін дамытады. Тілдерді салыстыра оқытқанда оған тірек болатын тіл – ана тілі. Барлық тілдерді оқығандағы ортақ әрекет – мәтінді оқу, түсініп, тыңдап айтып беру, сөздікпен жұмыс істей алу, тезис, конспект құрастыру. Осы жағдайда тыңдап – түсіну, көріп – байқау құралдарының орны ерекше.

Тыңдап – түсіну, көріп – байқау құралдарының ерекшелігі және артықшылығы неде? Ол:

- үйрету кезеңдерінде табиғи тілдік ортаны қалыптастыру;
- үйретуде көрнекіліктің дидактикалық принциптерін жүзеге асыру;
- оқушылардың барлығын бірдей қамтамасыз ету;
- оқушылардың мүмкіншілігін жоғары деңгейде пайдалану;
- ауызекі сөйлеуге дағдыландыратын сөйлеудің қызметін жүзеге асырады.

Тыңдап – түсіну, көріп – байқау құралдарының концепциясында оқыту былайша орналасады: тыңдау – сөйлеу – оқу – жазу. Оның ішінде ауызша қабылдау

(тыңдау мен сөйлеу) әрдайым ілгері шығып отырады.

Тыңдап – түсіну , көріп – байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі – аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған үнтаспа, т.б.

Аудиоматериалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді; екіншіден, оқушының бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді, үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін оқушының тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады.

Мысалы, орта буында оқушылардың аудиомәтіннің жалпы мазмұнын түсінгендіктерін тексеру үшін мынадай жұмыстар жүргіземін:

- а) Мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақ беремін, әр сұраққа екі жауап ұсынамын;
- ә) Бірнеше сөйлем беремін, солардың біреуі ғана аудиомәтіннің мазмұнына сәйкес келеді.

Ал, видеосабактар ең алдымен арнайы даярланған сөйлеу үлгісіндегі материалдарды енжар қабылдамай, керісінше өз бетінше ізденуге үйретеді және мұғалімнің көмегі арқылы сөйлеу бағытындағы әрекетін қалыптастырады. Видеосабактарды оқу материалына тиімді енгізу сабақтың сапасын арттырады. Бұған әсер ететін жағдайлар мынандай:

- есту және көзбен байқау арқылы қабылдаудың әр түрлі жолдарында оқушының түсінігіне
- жан - жақты мүмкіндік беру;
- оқушының дербес қабылдау мүмкіншілігін ескеру видеосабакты жүргізудің нәтижесінде қамтылады;
- оқушының қызығушылығын арттыру, эстетикалық және эмоционалдық сипаттарды тудыру.

Тек видео көріністерді көрсетуде есте сақтауды қажет ететін негіздер:

- видео көріністер оқушының жасына, қабылдауына қарай сұрыпталуы керек;

- Видео көріністер бағдарлама бойынша өтілетін тақырыппен мазмұндас болуы шарт.

Орыс сыныптарында оқушылардың қазақ тілі пәнінен білімін бағалау негізінен, екі түрлі шартқа байланысты. Оның бірі – түсінгенін дұрыс айта білу, яғни сөйлемді дұрыс құрастыру, жеке дыбыстарды, сөз тіркестерін дұрыс оқуы. Екіншіден, сөз тіркестерін ауызша, жазбаша дұрыс қолданып, ерекше дыбыстарды (ы, і, ә, ө, ү, ұ, ң) меңгермейінше, қазақша дұрыс сөйлеу, сауатты жазу мүмкін емес. Сондықтан қазақ тіліне тән дыбыстарды меңгерту барысында компьютерлік ойындардың да тигізер пайдасы зор. Компьютерлік ойындар жаттықтыру, оқыту және дамыту сипаттарын ескере отырып жасалынса, олардың әрбір оқушының білім сапасын арттыруға тигізер пайдасы зор. 7 сыныпта өзім қолданған ойынның ең қарапайым түрін мысалға келтірейін.

Дисплей экранында 10 сөз – тапсырма жазылады. Сөздің керекті жеріне к немесе қ жазу керек. Әрбір дұрыс жауап – 1 ұпай, қате жауап 0 ұпай. Бұл жұмысты орындауға экран бетіндегі курсор көмектеседі. Ол жауап жазатын орынға ауысып отырады. Ойын басында экран мына түрде болады:

к немесе қ жаз

ба...ша биі... қара...ат

ме...теп оқулы... желто...сан

Сабақ арасында мұндай ойын элементтерін тиімді пайдалану олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыра түседі, әрі баланың бойындағы қабілеттерді, ойлау мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Оқытудың техникалық құралдары үшін қолданылатын құралдар көп. Тек тиістісін таңдай біліп, орнымен қолдана білген жөн. Мектебімізде осындай техникалық құралдарды пайдалану үшін толық жағдай жасалған. Ол үшін арнайы лингафон, мультимедиа, компьютер кабинеттері жабдықталды, интерактивтік тақталар орнатылды, Интернетке шығу жолы бар. Қазақ тілі сабақтары мүмкіндігінше мультимедиа кабинетінде өткізіледі. Мектептің арнайы сайты бар, қамтығыш компьютерлік желі құрылған. Арнайы

дәрісханаларда бес интерактивті тақта орналасқан. Жаңадан жабдықталған компьютер сыныбында мультимедиялық мүмкіндіктер, интернет торабымен байланыс жүзеге асырылады. Барлық пән мұғалімдерінің сабақ кестесіне сай өз сабақтарын компьютер сыныптарында өткізулеріне толық мүмкіндіктері бар. Осы орайда мектебімізде жоғары жетістіктерге жетіп, оң нәтиже көрсетіп жүрген мұғалімдер де баршылық екенін атап өткен жөн.

Осы арқылы өз жұмысында компьютерді қолданған мұғалім өзінің өткізетін сабағының сапасын арттырып, оқушылардың танымдылық қызметін ұйымдастыруды белсенді түрде жүргізетініне тағы бір көз жеткіземіз. Бұл жағдайда қазақ тілі пәні мұғалімінің міндеті оқушыларға әр түрлі жаттығуларды орындауда компьютер көмегі мен мүмкіндігін көрсету, өз бетімен компьютерді қолдануды және белгілі бір үлгідегі жаттығулар жиынтығын игеруде арнаулы қолданбалы пакеттерді пайдалануды үйрету болып табылады. Сол сияқты қазақ тілін игеру барысында білімнің, дағдының маңыздылығын, ал компьютер тек қолдану барысындағы көрнекі құрал екенін оқушылар санасына жеткізе білу де басты мақсаттың бірі болуы қажет.

Оқыту жүйесінде компьютерді енгізбеген оқу орындары көп ұзамай заман талабына ілесе алмайтыны сөзсіз. Сондықтан теориялық дәрісті компьютерде көрсету – ұсыну тәсілімен ұштастыруды өз тәжірибемде кеңінен қолданамын. Сабақта ауызша өз мәнінде меңгертілуі қиын ұғымдарды компьютер көмегімен ұғындырамын. Осы сатыда алдын – ала дайындаған сурет, график және қозғалыстағы көріністер арқылы білім игертуді жүзеге асыра аламын.

Оқушыға тез есте сақтау, сөйлемді ойда сақтау дағдысын қалыптастыру үшін мынадай жұмыс түрлерін пайдаланамын. Компьютер экранына бір сөйлем жазылады. Ол сөйлем белгілі уақыттан соң өшеді. Экранда қандай сөйлем жазылғанын есте сақтап, қатесіз компьютерге енгізсе, онда ойлану уақыты екі есеге азайтылады. Егер дұрыс жауап берілмесе, ойлану уақыты ұзартылады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сөйлем мағынасын түсіну ,

ойда сақтау дағдыларын қалыптастырады. Нәтижесінде, тапсырманы қандай дәрежеде орындағандығына байланысты ұпай санын көрсету оқушының өз білім дәрежесін сезінуге мүмкіндік береді.

Қатемен жұмыс барысында да компьютер көмегін орынды пайдалануға тырысамын. Мысалы, кателер сипатын мультимедиялық экран арқылы көрсетемін:

Қателер сипаты

№ Оқушының

аты – жөні Орфоэп.

кателер Сөздің

лек.мағ. Емле

қатесі Тыныс

белгісі Үнд.

заңы Бағасы

1. Санаева Е. + + 4

2. Ускембаев Т. + 5

3. Шынтасова А. + + 4

Халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсынов «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек¹⁴» дегендей, өзім де ұйымдастыруда нәтижелі болатын әдістерді сұрыптап пайдаланамын. Озық тәжірибелермен танысып, пән мұғалімдерімен тәжірибе алмасуға тырысамын. Өйткені, сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бізден, яғни бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етеді.

Қорыта айтқанда, ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып тұр. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздыққа,

¹⁴ Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, Жазушы, 1989.

шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

2.2. Көрнекілікті пайдаланудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдері.

Оқытудың көрнекілік ұстанымы сабақ үрдісінде басты роль атқарады. «Көрнекілікпен оқытудағы басты мақсат – оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру. Өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету». Көрнекілікті оқу үрдісінің барлық кезеңінде пайдалануға болады, бірақ оны жиі қолдануға да болмайды. Көрнекілікті белгілі тақырып мақсатында пайдаланғанда ғана тиімді болмақ¹⁵. Сабаққа қажетті дидактикалық көрнекі құралдардың түрлері: заттық, образдық, графикалық, синтетикалық, синхроникалық кестелер; буклеттер, альбомдар; техникалық оқу құралдары; тірек сигналдары; кеспе, үлестірмелі қағаздар.

Заттық, образдық, графикалық. Көрнекіліктер көркемсөз шеберлерінің өмір жолын, шығармашылығын оқыту үстінде қолданылатын заттар, бейнелі суреттер (портреттер) шығармашылығы, өмір жолының сандық тізбектері.

Синтетикалық, синхроникалық кестелер. Олар арнайы ақын – жазушылардың шығармаларына тақырыптық бейнеде, образды бейнеде берілетін кестелер.

Буклеттер, альбомдар: ақын-жазушылардың өмір жолына арналып жасалатын бейнелі суреттер.

Тірек сигналдары: тірек плакаты, тірек конспекті. Тірек конспектісі – негізгі материалдан ең негізгілерін бөліп алу керек. Тірек плакаты – ақын-жазушылардың даталы, тарихи оқиғалары мен шығармаларының аты қай жылы жазылған анықтамасының көрсеткіші.

Кеспе, үлестірмелі қағаздар: жеке ақын-жазушылардың көркем шығармалары бойынша жасалады. Көрнекіліктің бұл түрі оқушының өзіндік, шығармашылық жұмыстарды орындау мақсатында пайдаланады.

Техникалық оқу құралдары екіге бөлінеді: экрандық техникалық құралдар, дыбыстық техникалық құралдар.

¹⁵ Құрманбаева Г. , Дүйсебаева С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. Алматы, 1999

Экрандық техникалық құралдар. Бұған: киноаппарат, эпидиаскоп, кодоскоп, ЛЭТИ, «Протоп», «Свитязь», «Фильмоскоп» т.б. жатады. Бұлар шағын көрнекі материалдарды (суреттерді, кесте) экранға түсіріп, сабақ мазмұнына байланысты қажетті қосалқы материалдарды көрсетуге арналған.

Иллюстрациялық кестені қолдануда көркем өнердің, көркем шығармалардың туындыларын салыстыра талдап түсіндіруге, олардың өзара жақындығын, өнер туындысы ретіндегі өзіндік даралық ерекшелігін, өзара қатынасын, бірлігін көрсету, байқату көзделеді.

Диапозитив – экрандық техникалық құрал. Диапозитив арқылы сериялы материалдарды бөлшектеп, жеке-жеке кадрларға бөліп береді.

Диафильм. Диафильм жазушы өмірін, жеке шығарманың мазмұнын ашып беруге арналған. Диафильмнің ерекшелігі – көріністің, құбылыстың логикалық байланысын сақтап, қимыл үстінде көрсетеді.

Кинофильм мен теледидар. Оқушы өзі оқыған шығармаларын кинофильм арқылы көрсе, білімнің берік болуына мүмкіндік туады. Сол мүмкіндікті теледидар жүзеге асырып отыр.

Дыбыстық техникалық құралдар. Дыбыстық құралдар оқу үрдісінде екі міндетті шешуге көмектеседі: арнайы жазбаларды, диктордың көркем сөз шеберлерінің, қоғам қайраткерлерінің сөздерін тыңдауға; оқушылардың, мұғалімнің өз сөздерін жазуға, талдауға мүмкіндік жасайды.

Радиохабарлар. Радиохабарлар көркем сөзді оқу арқылы, оқушыға талданып берілетін жаңа мәлімет. Тыңдау арқылы танымдық қызығушылығын арттырып, сабақты жандандырып, шығарманың мазмұндау дәрежесінің эмоционалдық қатысын арттырады.

Күйтабақтағы жазба. Күйтабақты мұғалім сабақ үрдісінің ең тиімді жерінде пайдаланады. Күйтабақты пайдалану сабақтың мақсатына, мұғалімнің жеткізбек идеясына, нені ойластыруына тікелей байланысты.

Магниттік жазба. Бұл магнитофон арқылы жүзеге асырылады. Сабақ мақсатына қарай мұғалім магнитофонға жазып алып, сабақтың түрі мен дидактикалық ұстанымына сай байланыстыра пайдаланады.

Көрнекілік – оқу материалын оқушы көңіліне оңай да әсерлі жолмен жеткізуші көмекші құрал. Ол бүтіннің бөлшегі секілді сабақтың бойында оның белгілі бір құрылымдық структуралық бөлшегіндей басқа құрамдас бөлімдерімен қабат-қабат қабысып жатуы қажет. Сонда ғана көрнекілік шәкірт білімінің тұтастығын арттырып, сабақ үрдісінің тиімділігін жүзеге асырады.

Технология - әдістеме. Әдіс дегеніміз- білім берудің теориясы.

Тәсіл дегеніміз – іс, меншікті іс . Тәсілдердің элементтері – амал жолдары:

- 1) таныстыру, берілген білімді тексеру, бекіту , жүйелеу, тиянақтау.
- 2) деңгейлік тапсырмалар – қиын мәселерді шешкізу.
- 3) мониторинг- тексеру.
- 4) деңгейлік тапсырмалар – дифференсация.
- 5) таным жолы – оқушыларды әрекетке кіргізу. Мен және оқушылар, оқушылар және оқушылар.

Оқыту әдісі дегеніміз- мұғалімнің білімді меңгерту жолындағы тәсілі. Әдіс оқушының өз ынтасын ішкі қозғаушы күшін жұмысқа бағыттауды ұстанады. Әдіс тек әрекеттің негізгі мақсаты болуы шарт. Әр түрлі құралдарды қолдану әдіске бағынышты.

Құралдардың әр түрлі болуы әдістің құрылымын өзгертуге ықпал етеді. Әдістер арқылы білім мазмұның меңгереміз. Мұғалім оқушыларды оқытуда түпкі нәтижеге жеткізер деген әдіс- тәсілдерді тандап алуы қарастырылады. Педагогиканың бір саласы дидактиканың негізгі міндеті- оқыту үрдісі бағынатын білім беру мазмұнын, оқыту заңдылықтарын, принциптерін, әдістерін және ұйымдастыру формаларын қоғам талабына сай қолданудың жолдарын қарастыру.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтың мақсат- мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты тандап алады. Жаңа әдістерді жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген

сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалау ерекше орын алады (1,18 бет).

Оқу жоспарын жасағанда, оның бағдарламасын мен оқулықтарындағы оқу материалдарын іріктеп, таңдауға оқушылардың жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Сондай-ақ, әрбір сабақтың мазмұнына қарай амал – құралдарды қолдануда оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне үлкен мән беріледі. Атап айтқанда, оқушы материалын терең түсініп, саналы меңгеруі үшін, оның тақырыптық ішкі заңдылығы мен өзара байланысып дұрыс анықтап, тиісті қорытынды жасай білуі қажет. Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды (әріп, дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгі, қажеттілерін (анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Қазіргі кезде қазақ тілін және әдебиетін қандай бағытта, қандай мазмұнда оқыту керек?

Меніңше, коммуникативті функционалды бағытта болуға тиіс. Сондықтан тілдің коммуникативті механизмін ашу қажет. Яғни, оның сөйлеу

процесіндегі, сөйлем құрудағы, мәтін бойынша әңгіме құрастырудағы рөлі амал – құралдар арқылы меңгертіледі.

Ең алғаш қазақ тілін және әдебиетін үйрету барысында оқушыға айналадағы өзі қоршаған ортаны, заттарды, құбылыстарды таныстыру көзделеді. Бұлардың бәрі де оқушыға белгілі бір тақырып айналасында екінші біреудің сөзін есту арқылы, онымен өзі әңгімелесіп, сөйлеу арқылы, мәтінді оқу арқылы меңгертіледі. Яғни оқушы қазақ тілінде сөйлесу арқылы қарым- қатынас жасайды. Мысалы: «Мен қазақша сөйлеймін», «Асқар менің досым», «Мен осы үйде тұрамын» деген тақырыпта бір – бірімен танысады, әңгімелеседі.

Мұғалім – мектептегі басты тұлға. Ол өз ісімен өзгеге үлгі болып жетекші болады. Білімі терең, әдістемелік шеберлігі мол, мақсаты айқын, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Мұғалім жұмысындағы, әсіресе, сабақ беруіндегі бір ерекшелігі- ұғымдарды белгілі бір сызбалармен түсіндіріп, соны қолдана отырып, іскелік жұмыстар жүргізіледі. Мысалы: Бір ғана ұғымды шағын көрнекілікпен жинақтап, баланың түсінуіне ыңғайлы етіп ұсынады.

Мектепте қазақ тілін және әдебиетті үйрену, білу қазіргі таңның басты мәселесі. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Мектепте қазақ тілін әдеби шығармаларды үйрену, тақырыптарды меңгеру күрделі жұмыс. Сондықтан қазақ әдебиетін, тілін оқыту, ауызекі сөйлеуге үйрету қиын да, қызық жұмыс. Сол қиындықтарды жеңілдету үшін сызбаларды қолдану арқылы төмендегі әдістерді дамытуға мүмкіндік туғызамын.

Әдістер:

<i>Сұрақ- Жауап</i>	<i>Өз ойын айту</i>	<i>Баяндау</i>	<i>Сұхбат</i>	<i>Монолог</i>	<i>Аударма</i>

Осындай сабақтарда мұғалім тек ұйымдастырушы, бағыттаушы, сараптаушы ретінде көрініп, бар жауапкершілікті оқушылардың өз тізгіндеріне беріп, үлкен жауапкершілікті сезінтеді.

Бір сыныпта отырған балалардың оқу ынтасына қарай тілді білу дәрежесі де әртүрлі болып келеді. Сол себепті де нақты нәтижеге жету үшін модульдік оқыту технологиясының тиімді екенін күнделікті іс- тәжірибемен көріп келемін. М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясының негізі баланың тұлғасын алға қояды, бұл жаңа білім парадигмасына сай келіп отыр. Модульдік технологиясының басты ерекшелігі – оның тек қана білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, яғни жадының алуан түрлерін ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай- ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін- өзі өзектілендіру, өзін - өзі бекіту, қарым- қатынас, ойын танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттануға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталады¹⁶

Қорыта келе бұл технологияны қолдану нәтижесінде:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға.
- Танымдық процестерді жетілдіру.
- Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға
- Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға
- Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым – қатынас, ойын, танымдық, өзін- өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

¹⁶ Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы , оқушыны дамыту. Құрал ретінде, Алматы 2002 жыл.

2.3. Әдебиет сабақтарында деңгейлік тапсырмалар мен тірек сызбаларды қолдану жолдары

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолдану аясын кеңейту-баршамыздың басты парызымыз. Осындай күрделі міндетті ойдағыдай орындау үшін мұғалімге бұрыңғыдан да зор талаптар қойылады.

Оқытудың жаңа технологиясының бірі-педагогика ғылымының докторы, профессор Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі іліміне сүйене оқыту болып табылады. Нәтижеге жету үшін оқушылардың білімі мен деңгейіне байланысты тапсырмалар құрастыру қажет. Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру үшін ойлай білетін, өз ойын қазақ тілінде жеткізе алатын, сауатты, еліне еңбек ете білетін, қабілетті жастар керек. Оқушының ойлау және сөйлеу тілін дамыту мақсатында деңгейлік тапсырмалар беру ұсынылады. Сол арқылы оқушының деңгейі анықталып, білімін тереңдетіп, белсенділігін күшейтеді. Деңгейлік тапсырмаларды дайындап, оқушылармен жұмыс жүргізудегі негізгі мақсат: баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушының қабілеті, ақылы, біліктілігі, сөздік қоры жетіледі. Әр деңгейлік тапсырманы орындаған сайын оқушы жақсы орындауға талпынады. Мұғалім де, оқушы да шығармашылықпен жұмыс жасайды, сондықтан да оқушыларды өз бетімен жұмыс істеп, білімін тереңдетуі үшін оларды іздендіру керек.

Бірінші деңгейлік тапсырма оқушының есінде қалуға ыңғайлы, өмірмен байланысты болуы керек.

Екінші деңгейлік тапсырма түрленіп, күрделене түседі. Мазмұны өткен тақырыпқа байланысты түрленген, ойлауды қажет ететін, оқушы өз бетімен жұмыс жасауға лайықты тапсырмалар.

Үшінші деңгейдегі тапсырмалар орындау арқылы оқушы өзі тұжырым жасайды. Мұғалім нұсқаушы, бағыт беруші, кеңесуші ретінде болады. Оқушының өзі сөздіктерді пайдаланып, мәтіндерді аударарды. Берілген

мәтіндерге сұрақ ойлап жазады. Өзіне керек материалдарды іздеп, тауып оқиды.

Төртінші деңгейлік тапсырма дарынды, қабілеті жоғары балаға арналады, тақырып беріп, ізденуге өзі мақсат қояды. Мұғалімнің көмегісіз барлығын өзі орындай біледі¹⁷.

Деңгейлік тапсырмалар үлгісі. 9 сынып. «Жыл мезгілдері»

I деңгей.

1. «Көктем табиғаты» тақырыбындағы сөйлемдерді құрмалас сөйлемдермен толықтырыңыз.
2. «Көктем» тақырыбына шағын әңгіме құраңыз.

II деңгей.

1. Мәтінге бір ортақ жоспар құрып, мазмұнын айтып беріңіз.
2. Мәтіннен 2 салалас құрмалас сөйлем, 2 сабақтас құрмалас сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.
3. Мәтін бойынша диалог дайындаңыз.

III деңгей.

«Көктемгі еңбек» тақырыбындағы құрмалас сөйлемнің түрлерін қолданып, шағын шығарма жазыңдар.

Көктем мезгілі бәріне бірдей ұнай бермейді. Біреуге ұнайды, біреуге ұнамайды. Неге? Өз пікірлеріңізді дәлелдеп жазыңыздар.

Осы сияқты деңгейлік тапсырмаларды жүйелі қолдану оқушылардың білім сапасын арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді.

IV деңгей.

Қосымша әдебиет бойынша Абылай хан туралы мәліметтер жинақтап, реферат жазыңыз. Бұл тапсырманы орындауға оқушылар өз ізденісі арқылы жетеді. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушы өзі ізденіп, нақты нәтижеге жетеді. Мұғалім кім қалай меңгергенін бақылайды.

¹⁷ К.С.Құдайбергенова инновациялық тәжірибе орталығы-педагогикалық технология көзі. Алматы, 2001 жыл

Мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда тағы бір ең қолайлы жолдарының бірі- тірек сызбаларын пайдалану.

Тірек сызбасын сабақта кеңінен пайдалану-мұғалімнің жан-жақты дайындалуына, уақытты ұтымды өткізуіне әсер етеді.

Уақыт талабы мұғалімнен сабақты қызықты, тартымды өткізе білуді көп шығармашылық ізденісті, білімділікті, тапқырлықты қажет етеді. Оқушылардың белсенділігін, жеке дара жұмыстануын ынталандыру, жеке көзқарастарының қалыптасуын, дамуын, оқу еңбегінің нәтижесі тиімді болуын талап етеді.

Сондықтан ортақ іс-ірекетті ұйымдастыруда негізгі мақсат әрбір жеке оқушының дамуына, таным ерекшелігі мен іс-әрекетінің дұрыс ұйымдастырылуына үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек.

Мектептерде қазақ тілі пәнінің көздейтін мақсаты-қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға түсіндіре алатын дәрежеге жеткізу.

Сондықтан қазақ тілі сабағында оқытушыдан қалайда оқушыны сөйлетуге, сөйлеу тілін дамытуға жағдай туғызу керек.

Тіл үйрену, тіл ұстарту адамның ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Ойлау қабілетін дамытудың негізгі әдістерінің бірі жаттығу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру болып табылады. Жаттығулар екі топқа бөлінеді:

Тілдік жаттығулар;

Сөйлеу жаттығулары;


Сөйлеу жаттығуларына сөйлем және сөз тіркестерін құрастыру, мәтіннің мазмұнын айту, сұхбат құрастыру жатады.

Тірек сызбалар оқушылардың сөйлеу тілін арттыру мақсатында пайдаланатын тәсілдің бірі. Сонымен қатар тірек сызба жаңа тақырыпты жеңіл түсінуге, есте сақтап қалуға көмектеседі. Негізінде орташа оқитын оқушыларға өте қолайлы деп есептеймін: себебі олар тірек сызбалар арқылы сөйлем құрастырып, өз ойларын айтып жеткізуге үйренеді, сабаққа қызығады, еңбектенуге талпынады.

Қазақ әдебиеті сабақтарында келесі тірек схеманың үлгілерін ұсынамын. 9
сынып.

Тірек сызбалардың түрлері





Шәкәрім Құдайбердіұлы	Ол кім ?	Туған жері	Әдебиетке қосқан үлесі	Кімнің туысы ?	Қай поэманың авторы ?	Философиялық шығармалары

Шығарманың	Тараулар	Басты	Кейіпкердің іс-
------------	----------	-------	-----------------

аты		оқиғалар	әрекеті

Қазақ әдебиеті сабақтарында тірек сызбалардан басқа белгілі жазушылардың жалпы өмірбаянымен танысқаннан кейін жоғарыда көрсетілген семантикалық талдауды орындатуға болады. Белгілі бір шығармамен танысқаннан кейін сол шығарма бойынша кестені толтыртуға болады. Осындай жұмыстар өте ыңғайлы деп есептеймін.

Қ о р ы т ы н д ы

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп қазіргі қоғамның дамуымен, әлеуметтік практикамен тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады.

Әдеби білім берудің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің баюына, өзіндік көзқарасының, шығармашылық белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау.

Оқытудың көрнекілік ұстанымы сабақ үрдісінде басты роль атқарады. «Көрнекілікпен оқытудағы басты мақсат – оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру. Өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету». Көрнекілікті оқу үрдісінің барлық кезеңінде пайдалануға болады, бірақ оны жиі қолдануға да болмайды. Көрнекілікті белгілі тақырып мақсатында пайдаланғанда ғана тиімді болмақ. Сабаққа қажетті дидактикалық көрнекі құралдардың түрлері: заттық, образдық, графикалық, синтетикалық, синхроникалық кестелер; буклеттер, альбомдар; техникалық оқу құралдары; тірек сигналдары; кеспе, үлестірмелі қағаздар.

Көрнекілік – оқу материалын оқушы көңіліне оңай да әсерлі жолмен жеткізуші көмекші құрал. Ол бүтіннің бөлшегі секілді сабақтың бойында оның белгілі бір құрылымдық структуралық бөлшегіндей басқа құрамдас бөлімдерімен қабат-қабат қабысып жатуы қажет. Сонда ғана көрнекілік шәкірт білімінің тұтастығын арттырып, сабақ үрдісінің тиімділігін жүзеге асырады.

Дидактикалық принциптердің бірі-оқыту жүйесінде көрнекі құралдарды пайдалану. Мектепте әдебиеті оқытуға байланысты мынадай көрнекі

құралдар пайдаланылады: затты табиғи түрінде көрсету, графикалық көрнекілік (кесте, схема), бейнелеу көрнекілігі, иллюстрация жасау, фотоларды көрсету, суреттерді көрсету, осындай көрнекіліктер мен қатар, техникалық құралдарды(магнитофон, ойнатқыштарды, диафильм, кинофильм фрагменттері, радио, телевизия, кодоскоп, эпидиаскоп) пайдалану арқылы оқушылардың есту және көру сезімдерін дамытуға арнайы көңіл бөлінеді.

Қорыта келгенде, мұғалімнің түсіндіруі мен қоса, есту және көру үшін көрнекіліктер қолданылады. Сыныптан тыс жұмыстарда көрнекілік пайдалану оқушының ана тілін құрметтеуге, оған деген сүйіспеншілігін арттырады. Оқушының танымдық қабілетін жетілдіріп, өздігінен жұмыс істеуге бағыт береді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арн.оқулық.- Алматы: Рауан, 1997.
2. Ә.Қоңыратбаев. 4-7кастарда әдебиет оқыту методикасы 1987
3. Бадырақов Қ. Жоғары кластарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі. –А., 1977.
4. Артықова Т.М. Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі мен әдебиетті оқыту әдістемесі, Алматы, 2005 жыл.
5. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы , оқушыны дамыту. Құрал ретінде, Алматы 2002 жыл.
6. Оралбаева Н Жақсылықова Қ Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, Алматы , 1996 жыл.
7. Жұмажанова Т. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми - әдістемелік негіздері. А., 1
8. Ақшолақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. – А. Мектеп, 1993.
9. Бадырақов Қ. Жоғары кластарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі. –А., 1977.
- 10.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., 1997.
- 11.Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. – А., 1999.
- 12.Бітібаева Қ.Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – А. 2003.
- 13.Голубков В. Методика преподавания литературы. М., 1962.
- 14.Дайырова Ә. Орта мектепте І.Жансүгіров творчествосын оқыту. - А., 1969.
- 15.Жұмажанова Т.Қ. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. А., 1995.
- 16.Жұмажанова Т.Қ. Қазақ әдебиетінен оқу-әдістемелік күнтізбелік жоспары. 6-7 сынып. А., 2003.
- 17.Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. А., - 1999.
- 18.Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – А. Мектеп, 1969.

- 19.Қалиев С. Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдары.- А. 1974.
- 20.Қараев Ж. Ешеева Ж. Программалап оқыту және оның компьютерді оқытуға пайдалану мен байланысы. – А. 1991.
- 21.Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. А., Мектеп, 1979.
22. Құрманова Н, Мухлис К. Текст теориясы және текстті талдау әдістемесі. – А. АлМУ, 2000.
- 23.Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А., 1999.
- 24.Мақпыров С., Әдебиеттен шығарма жұмыстары. А., 1981.
- 25.Мәшһүр Жүсіп.Қ. Көркем сөздің құдіреті. (Мектепте қазақ әдебиетін оқыту). Павлодар, 2000.
- 26.Мәшһүр Жүсіп.Қ. І.Жансүгіровтың «Құлагер» дастанын оқыту. «Қазақ тілі мен әдебиеті», №8, 2002.
- 27.Сманов Б. С.Мұқановтың «Ботагөз» романын оқыту. А., 20
28. Абайдың тәлімгерлік тағылымы. (құрастырушы Ә.Дайырова). А., 1996.
29. Құсайынов А. Оқулықтану мәселелері. А., 2000.
30. Марацман Б., ЧирковскаяТ. Проблемная изучение литературного произведения в школе. М., Просвещение, 1977.
31. Мемлекеттік білім стандарты. А. 2000.
32. Прессман Л. Кабинет литературы. М., 1975.
- 33.Обернихина Г.А. Уроки литературы сегодня. М., 2000.
- 34.Абай энциклопедиясы. –А., 1995
- 35.Ахметов З.Өлең сөздің теориясы. –А., 1973
- 36.Әуезов М. Әдебиет тарихы. –А, 1991
- 37.Әуезов М.Абайтанудан жарияланбаған материалдар–А, 1968
- 38.Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті–А, 1988
- 39.Байтұрсынов А. Ақжол–А,1991
- 40.Жолдасбеков М.Асыл арналар. –А6 1985

41.Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті–А,1967